

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс шаралар өткізілді.

Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;

ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;

жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын

қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Жоспар бойынша төмендегі шаралар өткізілді:

1-қыркүйек «Білім» күнінде сағынышқа, шаттыққа толы, күміс қоңырау дауысын сағына да асыға күткен оқушыларға “Мектебім-мейірім мекені” тақырыбында «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны өтті.

Г.Қ.Нұрсейітованың жетекшілігімен "Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт" тақырыбында 8-9-сыныптарда тәрбие сағаты өтіліп Оқушылар мұғалім дайындаған додокаэдрды лақтырып түскен жақтағы тапсырманы орындап немесе түскен сұраққа жауап берді. Сұрақтар жазғы демалыс туралы болса, тапсырмалар химиялық және ботаникалық эксперименттерден тұрды. Оқушылар қызығушылықпен гүл салды, жасанды қар алды, кристалл өсірді.

бастауыш сыныптарда "Мектебім- мейірім мекені" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Тәрбиенің ар-ұят, талап құндылықтарын іске асыру барысында мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, өзара сыйластық қарым — қатынастарын дамыту,

мейірбандылыққа тәрбиелеу мақсатында сынып сағаты "Ойланайық, пікірлесейік!" ойыны арқылы қызықты сұрақтарға өз пікірлерін ортаға салып, тақырыпқа сай қызығушылықтарын танытты. "Кітап неге үйретеді?" тренинг арқылы оқушылар мектепке деген сүйіспеншіліктерін көрсетті.

Мектепалды даярлық сыныбында тәрбиеші П.Ж.Камзинаның жетекшілігімен бүлдіршіндерімізді білімге ұмтылдыру мақсатында “Мектебім-мейірім мекенім” тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

"Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық" тақырыбында 6-7 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты болып өтті. Тәрбие сағатында тақырып негізінде, тұжырымдамалық карта әдісін пайдалана отырып, өз ойларын жазып

және қорғады. Демалыс уақыттарын қалай қызықты өткізгендерін "Құпия хаттарына" жауап жазып тәрбие сағатын қорытындылады.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыруда Тілдер күні қарсаңында Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 10.3-тармағына сәйкес «Мың бала» мәдени-ағартушылық жобасын өткізу аясында 2023 жылғы 5 қыркүйекте қазақтың біртуар тұлғасы М.Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған мемлекеттік тілдің Қазақстан халқын біріктіруші фактор ретінде қоғамдағы рөлін нығайту мақсатында «Мағжан Жұмабаев – заманның заңғар тұлғасы» тақырыбында жалпықазақстандық ашық диктанты Арбиген жалпы орта білім беру мектебінің 5-9-сынып оқушыларының қатысуымен жазылды.

Қазақстан халқы тілдер күніне орай “Менің таңдауым-қазақ тілі!” челленджін өтті.

Тілдер мерекесіне орай мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі-Парасат Жантемірқызының ұйымдастыруымен,балаларға “Тіл-ел тірегі” тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.Аталған шараның мақсаты:мемлекеттік тілдің маңызы туралы түсінік беру.

Біртұтас тәрбиенің «Талап» құндылығы негізінде салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектеп оқушылары республикалық челленджге қатысты.

Спорт инструкторы Серік Салахиденұлының жетекшілігімен бастауыш сынып оқушылары арасында облыстық «Жасқыран Life» жобасы аясында эстетикалық жарыс өтті.

«Өзін-өзі басқару» ұйымы ,яғни ,Мектеп парламентінің Президенті мен фракция мүшелерін ұлықтау рәсімі өткізілді. Мектеп парламентінің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту.

Өзін-өзі басқару ұйымы -9 оқушыдан және 2 министрден құралды.

Мектеп президенті Көптілеу Зоя.

Мектеп парламент құрылымы 8 фракциядан, ТЖМ және ІІМ министрлерінен тұрады:

1.Құқық және тәртіп фракциясы- Данкина Мөлдір Қайыржанқызы 8-сынып оқушысы сайланды.

2.Ақпарат фракциясы - Каркауова Айғаным Руссланқызы 6- сынып оқушысы сайланды.

3.Спорт және салауатты өмір салты фракциясы- Тиштенов Ералы Дарханұлы 7- сынып оқушысы сайланды.

4.Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы - Рахметова Камшат Ермекқызы 7- сынып оқушысы сайланды.

5.Қамқорлық фракциясы Телеухан Ұлтуған 6 -сынып оқушысы сайланды

6.Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық) Атик Айым Ринатқызы 7-сынып оқушысы сайланды.

7.Дебат қозғалысының фракциясына - Смайлханова Ұлжан Аділқызы 6-сынып оқушысы сайланды.

8. Экология және еңбек фракциясы Қапршыға Бағлан Мейрамқызы 7-сынып оқушысы сайланды.

9. ТЖМ(төтенше жағдайлар министрі)- Рахмет Жанарыс Айбекұлы 8- сынып оқушысы сайланды.

10. ІМ (Ішкі істер министрілігі)- Тиштенов Алихан Дарханұлы 8-сынып оқушысы сайланды.

Жалпы 2023-2024 оқу жылында мектеп парламентінің өзін-өзі басқару ұйымының жұмысына 25 оқушы белсенді қатысты.

Оқу жылының басынан өзін-өзі басқару ұйымындағы оқушылар сайланған күннен бастап белсенді іс-шараларға қатысып, отырыстар өткізілді. Жалпы отырыста қарастырылған сұрақтар;

- Интеллектуалды сайыстар өткізу;

- Мереке күндерін өткізу;

- Мектепшілік газет-журналдар шығару;

- Іс-шараларға жауапкершілікпен қатынасу;

- Аудандық, облыстық іс-шараларға белсенді қатысу;

Өткізілген жұмыстар бойынша фракциялардың есебі тыңдалды.

Жоспарғасәйкесіс-шаралар, ұйыммүшелерінің отырыстары, байқаулар, акциялар жүргізіліп отырылды. Атап айтқанда:

Мәдениет және өнер фракциясы

«Дублёр күні» күні, Ұлылықтың басында ұстаз тұрар... ұстаздар күніне арналған мерекелік кеш ұйымдастырылды, “Ұлттық киім” киім күнін атап өтті. 25-қазан—Республика күні қарсаңында мектеп оқушыларының қатысуымен, “Жайнай бер, жасай бер, менің Қазақстаным!” тақырыбында мерекелік концерт өтті. «Төрле-төрле жаңа жыл» мерекелік кеш ұйымдастырылды

Кұқық және тәртіп фракциясы

«Мәңгілік ел және Ұлы дала құндылықтары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мектеп президентінің сайлауы болып өтті. “Қазақстан-кұқықтық мемлекет” тақырыбында эссе жазылды.

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы

"Менің отбасым" тақырыбындағы сурет байқауы, "Отбасы—тәрбие көзі" тақырыбында сынып сағаты, “Менің таңдауым-қазақ тілі!” челленджіне

«Алтын күз» жәрмеңкесі, "Жасқыран Life" облыстық жобасының 2-кезеңі – «Менің Қазақстаным, менің Жерім!» сурет байқауы

Дебаттық қозғалыс фракциясы

- Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы " тақырыбында, дебат клубында пікірсайыс ұйымдастырылды.
- Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері мен даму жоспарлары тақырыбында дебаттық турнир. «Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай «Мен және менің құқығым» атты дебат сайысы өтті.

Экология және еңбек фракциясы

- "Еңбекті қорғау" күніне орай мектебіміздің оқушылары, флешмоб билерін арнады.
- "ЭКО boom" жобасы аясында "Күзгі сыйлықтар" акциясына қатысып, белсенділік танытты.

Қамқорлық фракциясы

"Эко-даму" акциясына қатысып қалдық материалдардан ойыншықтар жасап шағын орталық балаларына табыстады

Экономикалық және әлеуметтік даму аясындағы Халықаралық «Еріктілер күніне» орай, «Мен волонтермын!» акциясы болып өтті.

“Жас орманшы” акциясының аясында, шырша ойыншықтары-өз қолымызбен” тақырыбында шеберлік сыныбын өткізіп

Ақпарат фракциясы

- 2023жылғы атаулы даталар туралы танымдық сағат өткізілді. Онда Қожа Ахмет Яссауи, Төле би, Бұқар жырау, Абылай, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қасым Қайсеновтың мерейлі жылдарына орай, қазақтың біртуар азаматтарының өмір жолы мен шығармашылығы жайында мағұлматтар берілді. “Көлік жүргізушілеріне хат” челленджі. Отанымыз ортақ” тақырыбында бірінғай ақпараттық сағат өткізді

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы

«Мен спортты таңдаймын» салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында республикалық челленджге қатысты.

«Жасқыран Life» жобасы аясында эстетикалық жарыс өтті.

“Ұлттық ойындар” күнінде ханталапай асық ойыны және арқан тартыс жарысы ұйымдастырылды

«Еркін тыныс ал!» Жалпы республикалық флешмобына қатысып белсенділік танытты.

Отбасының, өз ортасының абыройын асқақтату мақсатында «Отбасы» күніне орай 3-4 сынып оқушыларының қатысуымен "Менің отбасым" тақырыбындағы сурет байқауына қатысты.

Ал 2,3-сынып оқушыларына қоғамдағы отбасы жөнінде түсінік беру, отбасы тәлім-тәрбиенің негізі екенін ұғындыру мақсатында "Отбасы—тәрбие көзі" тақырыбында сынып сағаты өтті. Сондай-ақ “Отбасым-бақыт мекенім” тақырыбында оқушылар арасында отбасылық суреттерінен бейнеролик байқауы өтіп, нәтижесінде Данкиндер жанұясы жеңіске жетті.

Павлодар станциясындағы Желілік полиция бөлімі Еске салады: қызмет көрсетілетін учаскесінде жедел-профилактикалық іс-шаралары «Назар аударыңыз, балалар!» өткізілді

7-8 сынып жетекшісі—Г.Қ.Нурсейтованың ұйымдастыруымен «Мәңгілік ел және Ұлы дала құндылықтары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсатымыз оқушыларға Отанымызды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге баули отырып, туған жеріне деген сүйіспеншілін ояту. «Қазақстан — 2050» стратегиясының маңызы мен мақсатын түсіндіру арқылы Мәңгілік ел — идеясының маңызын ұғындыру. Мәңгілік ел идеясы — қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және елімізді ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген идеология екеніне әр оқушы өз ойымен бөлісті. болады. Мәңгілік елдің 7 басты құндылығы

- 1.Қазақстан мен Астананың тәуелсіздігі
- 2.Қоғамымыздағы ұлт бірлігі, бейбітшілік және келісім
- 3.Зайырлы қоғам және жоғары рухани байлық
- 4.Индустрализация мен инновация негізіндегі экономикалық өсу
- 5.Жалпы еңбек қоғамы
- 6.Тарих, мәдениет және тілдің ортақтығы
- 7.Ұлттық қауіпсіздік және әлемдік, аймақтық мәселелерді шешуге бүкіл елге араласу, қатысу.

Әрқайсысына жеке тоқталып талқылап шықтық. Сағат соңында оқушылар өз ойларын кластерге түсіріп сынып бұрышына ілінді. “Төрт тоқсан-төрт өнер” бірінші тоқсанда айтыс өнерін насихаттауда 3-4сыныптар арасында «Жас өрендер» тақырыбы бойынша тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатында алдымен қазақ халқының атақты айтыскер ақындары туралы толық мәлімет айтылды.

Сосын қазіргі заманымыздың айтыскер ақындары туралы бейне баяндар көрсетілді.

Балалар тәрбие сағатын әрі қарай дайындап келген, жас ақындар туралы баяндамамен толықтырды. Оқушылар да өздерінің қабілеттерін шыңдай түсіп, кішігірім әзіл -айтыспен тәрбие сағатын тәмамдады.

2-сыныпта "Айтыскер ақындар" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Халқымыздың қайталанбас өнері айтыс туралы, оқушыларға айтыс түрлерін, олардың ерекшеліктерін, шығармашылық қабілеттерін шыңдап, ой-өрісін, халқымыздың әдет-ғұрпын сақтауға, адамгершілікке, тапқырлыққа баулу.

«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ұлттық мәдени-ағартушылық жобаны іске асыру барысындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес, Арбиген мектебінің дебат клубының мүшелеріне ақындар айтысы туралы ақпарат бере отырып, болашақ ұрпаққа айтыс өнерін жеткізіп, мәдениетіміздің баға жетпес асыл мұрасы ретінде оқушыларға жан-жақты насихаттау мақсатында "Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы" тақырыбында, дебат клубында пікірсайыс ұйымдастырылды. Оқушылар "Үкімет" және "Оппозиция" болып, пікірталасқа түсе білді, Тақырып бойынша өз ойларын ортаға салып, дәлелдей алды.

Сондай-ақ, айтыс өнерін дәріптеу мақсатында Арбиген мектебінің оқушыларына “Айтыс-ұлттық өнер” тақырыбында презентация жолданып, ұлттық құндылықтарымызды жоғары бағалап, барша ұстаздар, ата-

аналар мен оқушыларды ақындық шығармашылыққа жақын болуға шақырылды.

“Төрт тоқсан-төрт өнер” жобасын іске асыру мақсатында 6,7-сынып оқушыларына “Қазақстандағы ақындық өнер және музыка мәдениеті” тақырыбында бейнеролик көрсетілді.

Айтыс өнерін дәріптеу мақсатында қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі-С.Ғ.Кубентаевтың ұйымдастыруымен 8-9-сынып оқушылары “Ақын болсам...” тақырыбында эссе жазып, сөз өнерінің аса қастерлі саласы, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемі, ұлттық әдебиеттегі сезім мен сырға толы тамаша поэттик, дәстүр мен ақын шабытының астаса келіп, өлең құдіретінің жарқырап көрінер әсемдік әлемі туралы ой қозғады. 7-8-сынып жетекшісі-Г.Қ.Нурсейтованың ұйымдастыруымен оқушылар арасында “Сөз төресі-шешендік өнер” тақырыбында дөңгелек үстел өткізіп, шешендік өнер жайында ойларын ортаға салды.

“Төрт тоқсан-төрт өнер” жобасы аясында айтыс өнерін дәріптеу мақсатында Арбиген мектебінің оқушыларына “Айтыс,оның түрлері мен ерекшеліктері” тақырыбында презентация жолданып, ұлттық құндылықтарымызды жоғары бағалап, ақындық шығармашылыққа жақын болуға шақырылды.

"Ақындар айтысы -2023" тақырыбында 6-сынып оқушыларына тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар қазіргі заманның ақындарымен танысып, ақын сөзіне кластер жасап, домбыра суретіне пазл құрастырып жарысқа түсті.

“Ұлттық киім” киім күні атап өтіліп, ән айтып, би билеп көңілдерін көтерді. Сонымен қатар орта буын оқушылары мен сынып жетекшілері де оқушылары “Ұлттық киім” киім күніне ат салысып, бір күн сабақтарын ұлттық нақышта өткізді.

“Төрт тоқсан-төрт өнер” жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру және көркем сөйлей білуге дағдыландыру мақсатында 2-сынып оқушыларына “Кітап-жан азығы” тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Көрмеге қызықты ертегілер мен балалар журналдары қойылып, оқушылар өздері ұнатқан ертегілерін оқып-танысып, рухани тұрғыда білімдерін кеңейтті.

“Оқуға құштар мектеп” жобасын іске асыру мақсатында, Арбиген ауылдық кітапхана меңгерушісі-Б.Қ.Рахметова белгілі қаламгер Төлен Әбдіков Төлен Әбдіктің шығармалары 1964 жылдан жариялана бастағандығын атап өтті. Оның "Көкжиек", "Күзгі жапырақтар", "Ақиқат", "Айтылмаған ақиқат", "Өліара" "Таңдамалы", "Оң қол", "Әке" атты жинақтарының қазақ әдебиетінің тарихына қосқан өзіндік үлесі бар екендігін және осы шығармалардан көрме жасап, оқушыларды аталған шығармаларды оқуға шақырды.

“Оқуға құштар мектеп” жобасының іс-шаралар жоспарына сәйкес, 4-сынып оқушылары мектеп жанындағы “Еркетай” шағын орталығы бүлдіршіндеріне саусақ театры арқылы "Жолбарыс пен тышқан" ертегісі қойылымын көрсетті. Балабақша бүлдіршіндері ертегіні бар назарларын салып тамашалады. Жобасы аясында 3-сынып оқушылары мектеп жанындағы “Еркетай” шағын орталығы бүлдіршіндеріне "Қасқыр мен қой" ертегісін көрсетті. Оқушылар

ертегіні саусақ қойылымы арқылы көрсетіп, кішкентай бүлдіршіндерді үлкен қуанышқа бөлеп, бақыт сыйлады.

7-8 сынып оқушыларынан "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Менің атым Қожа" повесі бойынша онлайн тест алынды. Балалар алдағы уақытта оқуға Мұхтар Әуезовтің "Көксерек" шығармасын таңдады. Сынып жетекші Нурсейтова Г.Қ.

"Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру негізінде, кітапханашы-Б.К.Смайлханованың ұйымдастыруымен оқушылар үзіліс аралығында QR код арқылы ертегілер еліне саяхаттап, кітаптар оқыды.

Рухан келісім күніне орай тарих пәні мұғалімі-Г.Ахмет 6-8-сынып оқушыларымен "Қазақстан Республикасында діни қатынастарды реттеу саласындағы мемлекеттік саясат" тақырыбында диалогтық алаң өткізді. Пікірталас барысында рухани келісім, ұлттар мен дәстүрлі діндер арасындағы бірлік – баға жетпес байлығымыз, ал тұрақтылық – тұғырымыз екендігін басты орынға қойды.

Республика күнін атап өту қарсаңындағы облыстық жоспарға сәйкес "Ұлттық ойындар" күнінде тоғызқұмалақ секциясының жетекшісі-Е.Б.Бектемиров оқушылар арасында тоғызқұмалақ жарысын ұйымдастырды.

Спорт инструкторы С.С.Ещановтың ұйымдастыруымен 25-қазан—Республика күнін атап өту қарсаңындағы облыстық жоспарға сәйкес "Ұлттық ұйындар" күнінде ханталапай асық ойыны және арқан тартыс жарысы ұйымдастырылды. Барлық оқушылар белсенділік таныптып жарысқа түсіп,жұлделі орындарға ие болып,тәтті сылықтар және сусындармен марапатталды.

Біртұтас тәрбиенің Ар-ұят құндылығы негізінде адал еңбекті құрметтеуге байланысты "Еңбекті қорғау" күніне орай мектебіміздің оқушылары флешмоб билерін арнап белсенділік танытты.

Мектептің еңбек қорғау инспекторы-Э.Р.Кубентаева ұжымға "Еңбек түбі-береке" тақырыбында жаңа еңбек шындарын бағындыруға ынталандыруға, қолдауға және шабыттандыруға арналған мереке екендігі туралы ақпарат бере отырып,топпен еңбекке арналған қызықты тапсырмалар орындатты.Сонымен қатар психолог-А.Г.Каткенова "Отбасындағы бала тәрбиесі" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алып,нәтижесін бірге ортаға салып,өз көзқарастарын білдірді.

Қазақ «Қариясы бар ел – қазынасы бар ел» дейді. Қарияларымызды құрметтеп, ардақтау – біз үшін парыз.«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» ете білген, бізге тағылымды жол көрсеткен аға ұрпақтың берген тәрбиесі мен тәлімі мол.Ақыл-кеңестің, үлгі-өнегенің сарқылмас кенішіндей болған қарттарымызды мектептің кәсіподақ ұжымы атынан құттықтап, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, құт-береке тілеп,сыйлықтармен марапатталды.

«Ұлттық мүдде» құндылығы бойынша діни эстремизмнің алдын алу және теріс ағымдардың жетегіне түсіп кетпеудің алдын алу мақсатында Теолог, дінтанушы,Кемеңгер ауылының имамы—Медет Ғабдоллаұлы Кажуев және ауыл имамы—Жантас Жанболатұлы 5-9-сынып оқушыларымен кездесу өткізіп,

“Дәстүрлі дініміз және жат ағымдар” тақырыбында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. “Қағазсыз 1 күн” акциясына ат салысып, спорттық ойындарға белсенділікпен қатысты

Ұлағатты ұстаздар күніне орай шәкірттер сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар болғанын мақтаныш ете отырып, Арбиген мектебінің 1-2-сынып оқушылары барша ұстаздар қауымына тілектерін арнады және мектепалды даярлық тобы бүлдіршіндері “Ұстаздарға мың алғыс!” челленджіне ат салысты.

Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында Мұғалімдер күніне арналған мектептегі білім алушылардың өзін-өзі басқару «Дублёр күні» күнін өткізу үшін, дайындық жұмыстарын жүргізіліп, 9-сынып оқушысы Көптілеу Зоя мұғалім ролінде 2-сынып оқушыларына қазақ тілі пәнін, ал 8-сынып оқушысы Данкина Мөлдір 1-сынып оқушыларына математикаданасқан шеберлікпен қызықты етіп сабақ өткізіп, ұстаздар қауымына жылы лебіздерін арнап видео жолдады.

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім - тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт - бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек! Осындай құрметке лайық Арбиген мектебінің ардагер ұстазы-Смайлханов Қорған Ашатайұлын және Күләш Уахитқызын шәкірттері төл мерекесі-Ұстаздар күнімен құттықтады.

Ұстаздарға арналған құрмет және Дублер күні «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» тақырыбындағы мерекелік концертке ұласты.

Алматы қаласы, “Бөбек” сауықтыру орталығындағы 4-сынып оқушысы-Қаршыға Айзеренің демалыс лагеріне барып демалып қайтты.

Жол жүру ерелерін сақтау, жолда абай болып, өмірлеріне қауіп төнудің алдын алуға байланысты ата-аналар мен оқушылар назарына «Жолда жүру ережесі» бейнеролигі жолданды. Бейнероликте бағдаршам, жаяу жүргінші жолы және жол белгілеріне анықтама беріліп, әрқашан ережені сақтап, жолда абай болуға шақырылды.

1-2 сыныптарда «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік!» атты тәрбие сағаты өтті. Сабақтың мақсаты:

Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету.

Оқушылардың ішкі жан-дүниесіндегі ой-пікірін қағазға түсіртіп, жол ережелерін сақтамайтын көлік жүргізушілеріне ой салу мақсатында мектепте «Көлік жүргізушілеріне хат» челленджі қйымдастырылып, балалар жылдамдықты асырып, жол белгілеріне назар аудармайтын көлік иелеріне тілектерін жеткізіп, хаттары арқылы ой салатын сөздер жазды. Челленджге қатысушылар: 3-сынып оқушысы—Қаршыға Айша; 6-сынып оқушысы—Карқауова Айғаным;

7-сынып оқушысы—Рахметова Камшат;

8-сынып оқушылары—Рахмет Жанарыс және Тиштенов Әлихан.

Қыс мезгілінің жақындап, жылыту маусымының басталуына орай, балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін сақтау, яғни өрт қауіпсіздігі, газдан, түтіннен уланудың алдын алу бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Гүлназира Карқауқызы Рахметова оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Күзді демалыс уақытында Арбиген ауылдық мәдениет үйіне ертегі кейіпкерлері Кунг-фу панда және жолбарыс кейпіндегі кейіпкерлер келіп, балалармен қызықты ойындар өткізіп, оқушылар мен бүлдіршіндерге қуанышты демалыс сыйлап қайтты.

«Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» республикалық онкүндікті ұйымдастыру негізінде 6-9-сынып оқушыларының қатысуымен «Мен және менің құқығым» атты дебат сайысы өтті.

қызылшаның алдын алуға, вакцинацияның маңыздылығын түсіндіру мақсатында жалпы ата аналар жиналысы ұйымдастырылып өткізілді. Онда мектеп медбикесі “Қызылшаның таралу жолы, этиологиясы сақтану шаралары” тақырыбында баяндама оқып, слайд арқылы көрсетті. Себепсіз сабақтан қалған, қызылшамен ауырған оқушылар жоқ.

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында тәуелсіздік Республика күніне орай жоспарланған шаралар негізінде 3-сынып оқушылары Қаршыға Айша және Серікпай Сырым, 4-сынып оқушысы-Кептилеу Аңсаған “Республикам—Қазақстан!” тақырыбындағы сурет көрмесіне қатысты.

6-сынып оқушыларына 2023 жылғы атаулы даталар туралы танымдық сағат өткізілді. Онда Қожа Ахмет Яссауи, Төле би, Бұқар жырау, Абылай, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қасым Қайсеновтың мерейлі жылдарына орай, қазақтың біртуар азаматтарының өмір жолы мен шығармашылығы жайында қосымша білім беру педагогы-М.Қ.Есжанова мәлімет беріп өтті.

25-қазан—Республика күні қарсаңында оқушылар бойында Отанға деген патриоттық сезімін, Қазақстан еліне деген сүйіспеншілін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Гимні орындалып, мектеп оқушыларының баршасы ат салысты.

«Менің Туым» жобасы аясында аға тәлімгер Б.Ғ.Смайлханованың жетекшілігімен оқушылардың бойындағы патриоттық сезімін нығайту барысында жаппай Ту суреттерін терезелерге жапсырды.

Республика күнін атап өту қарсаңындағы облыстық жоспарға сәйкес дебат клубының жетекшісі-А.Г.Каткенова “Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері мен даму жоспарлары тақырыбында дебаттық турнир ұйымдастырды. 6-7-сыныптан құралған дебат мүшелері жақтау және даттау тұрғысынан қызу пікірталас өткізді.

7-8 сынып оқушыларына Г.К.Нурсейтова «Республика күні» тақырыбында тәрбие сағатын өткізіп, тәрбиелік іс-шара Мемлекеттік Гимн орындаумен басталып, оқушылар викториналық сұрақтарға жауап берумен жалғасын тапты.

“Облысты тап” жапсырма ойыны арқылы Қазақстанның әр облысын тауып, мұғалімнен қосымша мәлімет алды.

3,4-сынып бойынша тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар туған жер, туған ел туралы мақал-мәтелдер айтып, “Қазақстан картасынан” пазл құрастырды. Менің Отаным сөзіне ассоциация құрастырылды.

Республика күніне құрылған жоспардың қорытындысы негізінде мектеп оқушыларының қатысуымен, “Жайнай бер, жасай бер, менің Қазақстаным!” тақырыбында мерекелік концерт өтіп, 2-сынып оқушылары жас қырандықтар қатарына алынды. Ардагер ұстаз Мадина Қорғанқызы және мектеп әкімшілігі оқушыларға галстуктарын байлап, төсбелгілерін тағып жас қырандықтарға құтты болсын айтып, еліміздің адал және патриот жастары болуға шақырды. Салтанатты жиынмен басталған кеш мерекелік концертке ұласты. Балалар патриоттық ән айтып, нақышына келтіріп туған жер, отан, Қазақстан тақырыбында өлеңдер мәнерлеп оқыды.

«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» жобасы негізінде күзгі демалыс жоспарына сәйкес шахмат секциясының жетекшісі-Е.Б.Бектеміровтың ұйымдастыруымен балалар және үлкендер арасында әкелер одағы мүшелерімен “Шахмат әлемі” тақырыбында спорттық ойын өтті.

Күзгі демалыс уақытындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес, 1-4-сынып оқушыларына мектеп психологы-А.Г.Каткенова «Кім тапқыр?» интеллектуалды ойынын өткізді. Балаларды шапшаңдыққа және шығармашылыққа, логикалық ойлау қабілетін арттыру үшін қызықты тапсырмалар беріп, нәтижесінде 4-сынып оқушысы Қаршыға Айзере 1-орын, Рахмет Әмина 2-орын, Серікпай Сырым 3-орын иеленді, мақтау қағазы және сыйлықтармен марапатталды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында мектебінде, өзін-өзі басқару ұйымы бойынша, мектеп президентігіне үміткерлердің үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, мектеп президентіне үміткерлер-Көптілеу Зоя және Данкина Мөлдір сайлауға түсті.

Нәтижесінде мектеп президентінің сайлауы белгіленген ережеге сәйкес дауыс беру арқылы өтіп, 9-сынып оқушысы Көптілеу Зоя көп дауыс жинады.

«Мейірімділік керуені» тақырыбында күз айының қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Аталған шараға оқушылар, қстаздар және ата-аналар қоғамдастығы ат салысып, бірлесіп өткізіп, түскен қаражатты оқушылар қажеттілігіне жұмсады.

Жақсылық жасау дегеніміз – адамдарға, айналаға, табиғатқа қайырымдылық пен қамқорлық жасауды атауға болады. “Жақсылық кадамдары” облыстық жобасына 2-сынып оқушысы Атик Аруна қатысып, өзінің жануарларға қамқорлық танытатынын және құстарға арналған жем сауыттарын жасау үстінде бейнеролигін ұсынды.

Волейбол секциясының мүшелері сыныптан тыс бос уақыттарын салауатты өмір салтын ұстануға арнайды.

Күзгі демалыс уақытындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес, салауатты өмір салтын ұстану оқушылардың бос уақытын қамту мақсатында күрес секциясының жетекшісі-С.С.Ещановтың ұйымдастыруымен «Күрес-күш жетілдіретін спорт» тақырыбында күрес секциясы күнделікті жұмыс жасайды.

Қараша айында мектеп оқушылары «Еркін тыныс ал!» Жалпыреспубликалық флешмоб (бұдан әрі-Флешмоб: ағылш. flash mob (Flash – «сәт, лезде», mob – «адамдардың көп жиналуы») – салауатты өмір салтын қолдауда ұжымдық ұстанымды білдіруге бағытталған бұқаралық акцияға катысты.

2-сынып оқушысы Рахмет Әмина «Family day» облыстық жобасына қатысты. Жоба мақсаты: ата- анамен баланың арасындағы ізгі қарым- қатынастың орнауына , отбасы құндылықтарын, салт-дәстүрлерін сақтауға үйрету.

Жоба негізінде Әмина анасына көмек қолын созып, тамақ әзірледі. Етті самсаны өз қолымен жасап, пісіріп, асхана тәжірибесімен бөлісті.

Мектептің «Табиғатты қорғау азаматты парыз» экологиялық жобасын іске асыруда және облыстық "ЭКО boom" жобасы аясында "Күзгі сыйлықтар" акциясына 1,2 сынып оқушылары қатысып, белсенділік танытты.

"Жасқыран Life" облыстық жобасының 2-кезеңі – «Менің Қазақстаным, менің Жерім!» Мақсаты: жасқырандықтардың шығармашылық қабілеттерін ашу.

Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз

етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

Орталық қызметінің принциптері:

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.
2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.
3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде әр түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–9 сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізіледі.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін.

Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізіледі.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделген.

Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы мектебізде ашылды. Атааналарды педагогикалық қолдау орталығы туралы толық мағұлмат берілді. Қазан айында Оқушыларды парасатты,ақылды,мейірімді жан-жақты азамат ретінде тәрбиелеудегі ата-ананың ролі маңызды екенін көрсету мақсатында, мектеп психологы ата-аналарды қолдау орталығының ашылуына байланысты “Отбасы-бақыт бесігі.Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу” тақырыбында алғашқы ақпараттық сағат өткізіліп, баяндама оқылды.Кездесу соңында мектеп психологы -А.Г.Каткенова "Сурет салайық " жаттығу тренингін өткізді.

Қараша айында ата-аналарды қолдау орталығының жоспарына сәйкес мектеп психологы мен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен “Білімдіге дүние жарық.

Баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?” тақырыбында кезекті семинар өтті.Шара барысында ата-аналар тарапынан балаларының оқуына қандай деңгейде үлес қосып жатқандығы туралы өз пікірлерімен бөлісті.

Мектептің ата-аналарды қолдау орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес,бастауыш буын ата-аналарымен мектеп психологы “Әрбір бала-жарық жұлдыз. Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?” тақырыбында жиын өтті.Ата-аналарға “Көшпенділер” фильмінен үзінді көрсетіп,сұрақтар қойылды.Отбасымен аталған фильмді көруге ұсынылды.Практикалық бөлімде ата-аналарға тест таратылып,әрқайсысы балаларының темпераментін анықтап,әр баланың ерекшелігі мен мінез-құлқына тоқталып өтті. Шара соңында ата-аналарға әрбіріңіз позитивті ата-ана болу қағидаттарын ұстанғандарыңыз абзал деп “Көшпелі бұлттар” мультфильмін көрсету арқылы қорытынды жасалды.

Ұлттық валюта күніне қарсы орта буын оқушыларына "Төл теңге - Тәуелсіздік символы" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Балалар "Озаттар" және "Алғырлар" атты екі топқа бөлініп сайысқа түсті.Викториналық сұрақтарға жауап беріп, қоржындарына теңге жинады. Жеңіске "Озаттар" тобы жетті.

Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған 1-4сынып оқушыларының “Күндей күлген анамның,баласы болып қаламын!” тақырыбында аналарымен түскен бақытты шақтарынан фотоколлаж байқауына оқушылар ата-аналарымен қатысты.

Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі-Г.К.Рахметованың жетекшілігімен 5-7-сынып оқушылары «Бала құқығы асыл қазына» тақырыбында эссе жазды.

1-4сынып оқушыларының “Күндей күлген анамның,баласы болып қаламын!” тақырыбында сурет салып,бақытты балалық шақтарын сурет арқылы жеткізді

Ар-ұят құндылығы негізінде "Қыз әдебі" тақырыбында 7-9сынып қыздарына баяндама оқылды.Мақсаты: қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық , жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу; қазақ халқының әдет-ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру болып табылады.

Құқық бұзушылық тың алдын алу бойынша өткізілген іс шаралары:

I.Құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

- *«Әділетті Қазақстан: Адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт»*
- *«Мен және менің құқығым»*

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» Өзін-өзі басқару ұйымының мүшесі-Данкина Мөлдір дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай жасалған іс-шаралар жоспарына сәйкес, 6-9-сынып оқушыларына “Мен және менің құқықтарым” тақырыбында викторина өткізді. 1-желтоқсан—Президент күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, оқушылар “Қазақстан-құқықтық мемлекет” тақырыбында эссе жазды.

Мектебіміздің мамандары ПБ-нің қызметкерлерімен бірлесіп құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты қоғамдық рейдті уақытылы жүргізеді.

Мақсаты: Түнгі уақытта кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінсіз көшелерде жүрмеуін, сауда – саттық дүкендерде алкогольдік пен темекі өнімдерін 21-жасқа толмаған жасөспірімдерге саттырмауды қадағалау.

Қауіпсіз терезе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Рахметованың ұйымдастыруымен Білім басқармасының 18.10.2023 жылғы №2/5639 хаты негізінде терезелерден балалардың түсу фактілеріне жол бермеу және жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ата-аналар жиналысында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ақпараттар берілді. Оқушылармен құқықбұзушылықтың алдын алу, ұрлыққа жол бермеу мақсатында жұмыстар жүргізіліп, пікір алмасу болды.

Қараша айының 25-жұлдызында 7-9 сыныптардың қыздарымен ауыл медбике сі Г.Қ. Темирбаева кездесу өткізді. Мінез-құлық, қыз бала мәдениеті, қыз баланың орнын айрықша түсіндіріп, эстетикалық тәрбие беру мақсатында қыздар арасында санитарлық талаптарды сақтауды, жеке гигиенаға жете мән беруді сөз етті. Сонымен қатар Г.Қ. Темирбаева Ерте жүктілік туралы әңгіме, дәріс оқып, қыздарға тақырыпқа сай сұрақтар қойылып, жауап алынды.

“Төрт тоқсан-төрт өнер” ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның тұжырымдамасы негізінде оқу жылының екінші тоқсаны асық ойындарына арналды. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу мақсатында тәрбиеші С.К. Кубентаеваның жетекшілігімен “Еркетай” шағын орталығының бүлдіршіндері де аталған жобаға “Ханталапай” ойынын ойнап, өз үлестерін қосуда.

Мағжан Жұмабаев жай ғана ақын емес, ұлт болашағы үшін күрескен Алаш қайраткері. Рухты жырларымен халықты жігерлендіріп, елді татулыққа шақырған, солақай саясаттың құрбаны болған ұлы ақын. Мағжан Жұмабаев қазақтың бірлігі мен Алаштың азаттығы үшін күрескен танымал тұлға. Оның күрескерлік өмірі мен шығармашылығы Кеңес кезінде кісенде болды.

Биылғы жылы Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған танымдық сағат өткізілді. Оған 6-9 сынып оқушылары қатысты. Сабақ М. Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналды. Ұйымдастырушы: қосымша білім беру педагогы М. Қ. Есжанова

25 қараша мен 10-желтоқсан аралығындағы «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясын ұйымдастыра отырып, құрылған іс-шаралар жоспарына сәйкес ата-аналар мен оқушылар назарына “Бала зорлығы—қоғам қасіреті” тақырыбында бейнебаян ұсынылды.

«Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясын ұйымдастыра отырып, құрылған іс-шаралар жоспарына сәйкес, бастауыш сынып оқушылары “Біз өмірді сүйеміз!” тақырыбында сурет байқауы өтті.

1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Президент күніне арналған «Менің Қазақстаным» тақырыбында 6-сынып оқушылары арасында сурет байқауы өткізілді.

Бастауыш сынып апталығында “Оқуға құштар мектеп” жобасын іске асыру мақсатында 1-4-сынып оқушылары аралығында Ахмет Байтұрсынов шығармаларынан сахналық қойылымдар сайысы ұйымдастырылды. “Өгіз бен бақа”, “Қарға мен түлкі”, “Бұлбұл мен есек” мысалдарын қойып, ақын шығармашылығына деген құрметтерін, сүйіспеншіліктерін көрсете білді. Сахналық қойылымдар жоғары дәрежеде өтті. Орынға ие болған оқушылар дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды.

1,2-сыныпта “Кітап-білім ордасы” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру.

Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу.

Президент күніне орай 6-9-сынып оқушылары аралығында «Мен-өз елімнің патриотым!» тақырыбында мектепшілік шахмат жарысы ұйымдастырылды.

5 желтоқсан – экономикалық және әлеуметтік даму аясындағы Халықаралық «Еріктілер күніне» орай, «Мен волонтермын!» акциясы болып өтті. Мектептің волонтерлік топ мүшелері мектеп ауласына тазарту жұмыстарын жасады.

25 қараша мен 10-желтоқсан аралығындағы «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы негізінде кәсіподақ ұйымының төрайымы—Қ. Қ. Мусанова мектептің кәсіподақ мүшелеріне “Зорлық- зомбылыққа жол жоқ!” тақырыбында жиын өткізіп, бейнефильм көрсетіп, өзара пікірталас өткізді.

16 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай Б. Ғ. Смайлханованың жетекшілігімен "Тәуелсіздік тұғырым" тақырыбында 6 - сынып оқушыларына қашықтықтан онлайн тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Тәрбие сабағының мақсаты:

- Оқушыларға қазақ халқының ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын зұлмат жылдары елінің азаттығын, еркіндігін аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу. Желтоқсан көтерілісінің сипатын насихаттай отырып, Желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтау;

- жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру;

-Оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, Атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт - бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу. Өз елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу. Тәуелсіздік бастауы – ызғарлы Желтоқсан оқиғасы екенін жете түсіну.

Тәуелсіздік – ұлттық тарихымыздағы ел мен жердің иесі болу үшін жан қиған, тәуелсіздікті арман еткен батыр бабалар ниетінің жемісі. Ата-баба мирас еткен дархан далада тыныш өмір сүру – біздің бағымызға бұйырған баба жетпес байлығымыз .

16 желтоқсан -Тәуелсіздік күні қарсаңында, мектебіміздің оқушылары "Тәуелсіздік-баға жетпес байлығым" тақырыбында эссе жазды.Нәтижесінде үздік эсселер болып 9-сынып оқушысы Көптіле Зоя мен 6-сынып оқушысы Атик Айымның жұмыстары бағаланды.

20-желтоқсан, 6-9-сынып ата аналарына мектептің отбасын қолдау қызметінің кезекті сабағы өтті.

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту мақсатында “Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер.Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады?” тақырыбында сабақ өтті.

Міндеттері:

- ата-аналардың жас дағдарысы кезеңінде баламен өзара түсіністікке қол жеткізуге деген ұмтылысын дамыту;

- ата-аналардың адам дамуындағы жас кезеңдерінің мәдени бастаулары туралы, жасөспірімдер дағдарысы кезеңінің экологиялық өмір сүру ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету;

- ата-аналардың сындарлы келіссөздер жүргізу, жанжалдарды шешу, реніштерді кешіру дағдыларын қалыптастыру. Сабақта мектеп психологы- А.Г.Каткенова бала есейген сайын бірнеше дағдарысты басынан өткеретіндігіне тоқталып өтті.Оның негізгілері:

1. 1 жастағы дағдарыс (бала жүре бастайды, сөйлей бастайды және анасынан алыстайды)

2. 3 жастағы дағдарыс - өзін ата-анасынан бөлек адам ретінде тануы, тәуелсіздікке ұмтылуы.

3. 7 жастағы дағдарыс –балалар әлемінен ересектер әлеміне көшуі, жетекші қызмет түрінің ойыннан оқуға ауысуы. Өзінің құқықтық шекарасын кеңейтуі.

4. 12 жастағы дағдарыс – өтпелі жас – ағзадағы гормондық өзгерістер, жедел өсуі мен физикалық дамуы, өзінің қай жынысқа жататының сезінуі, өзін іздеуіне тоқталып өтті және ата-аналарға “Мүшел жас” бейне үзіндісі көрсетіліп,фильм ортада талқыланды.

21-желтоқсанда полиция қызметкері - М.А. Шинтаевтың ұйымдастыруымен 6-9 сынып оқушыларына қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өмір қауіпсіздігі негіздері туралы ақпарат беру мақсатында презентация және бейнефильм көрсетілді. Кез келген құқыққа қарсы жасалған әрекет үшін заңнамалық жауапкершілік көзделген.

Қолданыстағы заңдарға сәйкес 16 жасқа толған адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Бірқатар ауыр және аса ауыр қылмыстар (адам өлтіру, зорлау, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, адамды ұрлау, ұрлау, тонау, бопсалау, тонау, терроризм актісі туралы жалған хабарлау, бұзақылық және т.б.) жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық 14 жастан басталады.

16 жасқа толған жаәспірімдер әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Құқық бұзушылық жасаған адам 16 жасқа толмаған болса олар үшін ата-аналары жауап береді.

Қылмыстық не әкімшілік жауапкершілікке тартылса, ол құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінде көрсетіледі және бұл жағдайлар оқуға түсу немесе жұмысқа орналасу кезінде ескеріледі.

“Ертіс орманы” шаруашылығының “Жас орманшы” акциясының іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2-сынып оқушысы Рахмет Әмина “Өз өлкеңді таны” туристік маршруты бойынша бейне-экскурсия жасады.

“Ертіс орманы” шаруашылығының “Жас орманшы” акциясының іс-шаралар жоспарына сәйкес, 7-сынып қыздары “Шырша ойыншықтары-өз қолымызбен” тақырыбында шеберлік сыныбын өткізіп, шыршаны безендірді.

Желтоқсан айында 6-сынып оқушыларына Ақан серінің 180 жылдығына арналған сынып сағаты өтті. Ақан сері Қорамсаұлы 1843 дүниеге келді. Туған жері Үлкен Қоскөлдің маңы, Ақмола облысы. Ақан серінің Ақтоқты, Мақпал, Балқадиша, Майда қоңыр, Құлагер әндері бар. Оқушылар оның өмірбаянымен танысып, оның әндерін сүйсіне тындады. Ұйымдастырушы қосымша білім беру педагогы Есжанова М.К.

"Эко-даму" акциясы қалдық материалдардан ойыншықтар мен ойындар жасау болып табылады. Ойыншықтар ойлауды, қолдың моторикасын және т.б дамытуы керек. Ойыншықтар картоннан, пластиктен және басқа да қажет емес материалдардан балалар әр түрлі заттар жасады.

Қосымша білім беру педагогы - М.К.Есжанова Кемел Тоқаевтың 100 жылдығы, Мұрат Әуезовтың 80жылдығы, Шыңғыс Айтматовтың 95жылдығына арналған танымдық сабақ өткізілді. Онда осы атақты адамдар туралы көп мәліметтер ұсынылды, олардың өмірі шығармалары туралы айтылды. алып «Төрлет, құтты жаңа жыл!» тақырыбында қызықты жаңа жылдық кеш өтті. Балалар жаңа жылдық костюмдерін киіп, маз-мейрам болып, қызықты түрлі ойындар ойнап, мерекелік костюмдерін қорғады.

Қысқы демалыс кезінде балалардың адамдарға, қоршаған ортаға сүйіспеншіліктерін ояту, қыс мезгіліндегі табиғаттың сұлулығына назар аударту арқылы көркемдік танымдарын қалыптастыру мақсатында "Қысқы ою-өрнектер" тақырыбында оқушылар қыраулар жасап, белсенділік танытты.

Қысқы демалыс уақытында “Оқуға құштар мектеп” жобасын іске асыруда әжелер клубының мүшелері “Ертегілер елінде” тақырыбында әжелер клубының мүшесі Разия апа немерелерімен кітап оқу акциясына белсене қатысты.

Қысқы демалыс уақытындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес “Анаға қамқорлық” тақырыбында оқушылар аналарына қолғабыс көрсетуде. 7-сынып оқушысы-Рахметова Кәмшат анасына қамқорлық танытты.

Жалпы білім беретін мектептегі сынып жетекшісі - сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырумен, үйлестірумен және өткізумен айналысатын педагог.

Бұл сынып ұжымындағы әр алуан тәрбиелеудің түрлері арқылы мектеп пен бала арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырып, әр оқушының жеке өзіндік ерекшелігін көрсете білуіне жағдай жасап, өз қызметін оқу-тәрбие жұмысының бірінғай жүйесінде жүзеге асыратын өз ісінің шебері.

Оқу жылының басында 2022-2023 оқу жылы атқарған жұмыстарға талдау арқылы 2023-2024 оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралар іске асты: сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып бөлмелері бекітіліп, белгіленді.

Сонымен қатар тәрбие шараларға бақылау-басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тексерілді, бекіттірілді, оқушылардың киім-киісіне, күн режиміне бірінғай талаптар қойылды. Сынып арасындағы рейтинг жүргізудің реттілігі мен мақсаттылығы және тоқсан сайынғы тәрбие жұмыстар бойынша есебі мен педагогикалық кеңесте талқыланатын мәселелер қамтылды. Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыс жоспарларын тәрбие ісінің меңгерушісі Г.К. Рахметова тексеріп, мектеп директоры Гаухар Ахметпен бекітілді.

Мектебімізде өткізілген ашық тәрбие сағаттарының тақырыбы: «Білім күні» 1-9 сыныптар, «Ұстаздар мерекесі» күніне арналған 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті.

Оқушылар мен сынып жетекшілер мектептегі іс шараларға өте белсенді қатысып отырды.

Сынып жетекшілері жоспар бойынша сынып сағаттарын талапқа сай өткізуде жаңа технологияларды қолданады.

I ж.ж. тәрбие сағаттары жоспар бойынша уақытылы өтіп отырды. Арбиген жалпы орта білім беру мектебінде сонымен қатар әртүрлі үйірме жұмыстары өткізіледі. Атап айтар болсақ: «би», « шебер қолдар» , әртүрлі спорттық секциялар, тоғызқұмалақ , күрес сияқты. Мектебімізде барлығы 7 мұғалім сынып жетекшілік қызметін атқарады. 2023-2024 оқу жылында 3 отырыс өткізілді. Ата-аналармен байланыста болу мақсатында әр-түрлі жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп отырылады. Байланыс дәптерлері, сауалнамалар жүргізіледі. Оқушылар мен ата-аналарды зерттеу мақсатында мектеп психологымен тығыз байланыста жұмыс жүргізіледі. Сынып жетекшілер мектепшілік іс-шараларға, сайыстарға, қашықтық сайыстарға, жарыстарға үнемі қатысып отырады. Мұғалімдер жоспар бойынша мектепшілік іс-шаралар өткізеді. I ж.ж. өткен «Республика күні», «Мұғалімдер күні», «Күзгі

жәрмеңке», «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жылдық бал маскарад» «Қарттар күні», мерекелері сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен жоғарғы деңгейде өтті. Психологиялық қызметтің мақсаты-білім беру ұйымдарында білім алушылардың денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3) білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау
- 7) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- 8) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Жоғарыда аталған мақсат пен міндеттерге сүйене отырып, психологиялық қызметтің төменде көрсетілген бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

I. Психодиагностика

II. Түзету дамыту жұмысы

III. Психологиялық кеңес беру жұмысы

I. Психологиялық диагностика бағыты бойынша 1- 8 сынып білім алушыларының танымдық қабілеттерін диагностикалау жұмысы жүргізіліп, берілген ұсыныстар мен кеңестер бойынша түзету дамыту жұмыстары және 1- сынып білім алушыларын психологиялық бейімделу деңгейін анықтау мақсатында түрлі диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

1-сынып білім алушыларының мектепке бейімделу деңгейін және танымдық, тұлғалық дамудеңгейін анықтау мақсатында көру арқылы есте сақтау деңгейін, зейін процесінің даму деңгейін, мазасыздық деңгейін анықтау. Баланың

мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтауға Керн-Ирасек әдістемесі алынды.

Нұсқау: Бұл тест үш тапсырмадан тұрады. Бірінші тапсырма – жазбаша әріптерді көшіріп жазу, екінші-нүктелер тобын көшіріп жазу, үшінші-ер адамның суретін салу. Әрбір тапсырманың нәтижесі бес балдық жүйемен бағаланады. 1-жоғары, 5-төмен ұпай. Кейін үш тапсырманың жалпы қорытындысы шығады.

3-6 ұпай жоғары

7-11 орташа

12-15 төмен

Рр/с	Оқушылардың аты-жөні	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей
11	Қаршыға Мерей	+		
22	Қаршыға Салтанат		+	

1-сынып оқушылардың танымдық процестерін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыс жүргізілді

Рр/с	Оқушылардың аты-жөні	Қабылдау	ойлау	қиял	Ес	сөйлем құруы мен жазуы	есептеу қабілеті.
1	Қаршыға Мерей	+	+	+	-	-	+
2	Қаршыға Салтанат	+	+	+	+	-	+

2-сынып бойынша оқушылардың танымдық процестерін қабылдау, есте сақтауын анықтауға арналған диагностика жүргізілді.

2-сынып оқушыларынан танымдық процестерін зерттеу әдістемелері алынды. «Өрнекті жалғастыр», «байқағыштық», «Есте сақта», «Не артық?».

№р/с	Оқушылардың аты-жөні	Өрнекті жалғастыр 4ұп	Байқағышт ық 11ұп	Есте сақта 9ұп	Не артық? 4ұп
1	Рахмет Әмина	4	11	8	4
2	Рахмет Іңкәр	4	11	9	4
3	Ғазиз Фариза	4	11	9	4
4	Тиштенова Сабина	4	11	8	4

5	Атик Аруна	4	10	7	4
---	------------	---	----	---	---

Жоғары деңгей «Өрнекті жалғастыр » әдістемесінде 5 оқушы,
«Не артық? » әдістемесінде 4 оқушы,
«Байқағыштық» әдістемесінде 4 оқушы,
«Есте сақтау» әдістемесінде 2 оқушы.

Орташа деңгей «Есте сақта» 3 оқушы , «Байқағыштық»
әдістемесінде 1 оқушы

Төменгі деңгей - жоқ.

6-сыныптан «Менің сыныбым » әдістемесі алынды.

Мақсаты: оқушылардың, сыныптың ұйымшыл өзіндік пікірлері жоғары , көпшілікке қосыла алатындығын анықтау болды.

Нұсқаулық бойынша оқушылар тапсырманы орындады:

Нұсқау: «Балалар! Суретте сендердің сыныптарың көрсетілген. Ортанғы орындықта апайың (мұғалім) отыр, апайдың айналасындағы оқушылар өздерінің жұмыстарымен шұғылдануда. Ал, қалған балалар ауланың сыртында ойын ойнауда. Осы суреттегі оқушылардың ішінен өзінді тауып алып белгілеп, жанына өзіңнің аты-жөніңді жаз. Өзінді белгілеп болған соң суреттен өзіңнің досыңды тап та жанына аты-жөнің жаз».

6- сынып оқушыларынан сыныптың және оқушылардың ұйымшылдығын және өзіндік пікірлері жоғары , көпшілікке қосыла алатындығын анықтау мақсатында «Менің сыныбым » әдістемесі алынды. Бұл диагностикаға 5 оқушы қатысты. Оқушылар нұсқаулық бойынша тапсырманы орындады:


Әдістеме қорытындысы:

2 оқушы өздерін мұғалімнен алыс белгілеген жоқ, олар өзге балалармен өзін теңестіру, жұп болып тұруы, ойыншылармен бірге – баланың бейімделуі жақсы деңгейде , ал 1 оқушы өзін мұғалімнен алыс белгілеген жоқ, ол өзін тақтада тапсырма орындап тұрғанын көрсетті, яғни оқу позициясын орындап тұр. 2 оқушы мұғалімнен алыс позицияда белгілеген -баланың сынып ұжымына бейімделуіне қиындықтардың бар екенін көрсетті.

7-9 сыныптардан суицидтің алдын алу мақсатында балаларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу «Филлипс тесті» алынды.

Барлығы 7-9 сыныптарда 7 оқушы, барлығынан да тест алынды. Балаларға мектепте өздерін қалай сезінетіндерін анықтауға арналған бірнеше сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Сұраққа дұрыс және шынайы жауап беруге тырысты, бұл жерде дұрыс немесе бұрыс жақсы немесе жаман жауаптар болған жоқ. Жауап парағының жоғарғы жағына өз аты-жөнің және сыныптарын жазды. Егер сұраққа келіссе «+», егер келіспесе «-» белгісін қойды.

Мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеудің нәтижесі осындай болды:



75%-ең жоғары деңгей

50%-жоғары

30-40% дан жоғары -орташа

0-20%дан жоғары –төменгі

Қорытынды: ұсынылған көрсеткіштер бойынша 1 оқушы мазасыздықтың орташа деңгейінде, ал 6 оқушы мазасыздықтың төменгі деңгейде.

75%-ең жоғары деңгейді көрсеткен оқушы жоқ.

Темпераментті анықтау сауалнамасы 6-9 сыныптардан тест түрінде алынды. Тест 13 оқушыдан алынды. Тестің нәтижесі мынадай болды:

№	Аты-жөні	Сангвиник (жеңілқанды)	Флегматик (суыққанды)	Холерик (ыстыққанды)	Меланхолик (ауырқанды)
6-сынып					
1	Смайлханова Ұ.		+		
2	Коптилеу Ұ				
3	Жилкибаев С.		+		
4	Тиштенов Ералы			+	
5	Каркауова А.		+		
6	Оразхан Т.		+		
7-сынып					
7	Рахметова К.				
8	Қаршыға Бағлан	+			
9	Атик Айым		+		
8-сынып					
	Данкина Мөлдір			+	
	Тиштенов А.		+		
	Рахмет Жанарыс	+			

	9-сынып				
	Кептилеу Зоя		+		


Қорытынды: Жүргізілген жұмыс бойынша : сангвиник темперамент типіне- 2 оқушы, флегматик темперамент типіне- 7 оқушы, холерик темперамент типіне – 2 оқушы , ал меланхолик темперамент типіне жататын оқушы жоқ .

«Филлипс тесті» 6- сыныптан алынды.

Мақсаты: балаларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу.

Балаларға мектепте өздерін қалай сезінетіндерін анықтауға арналған бірнеше сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Сұраққа дұрыс және шынайы жауап беруге тырысты, бұл жерде дұрыс немесе бұрыс жақсы немесе жаман жауаптар болған жоқ. Жауап парағының жоғарғы жағына өз аты-жөнін және сыныптарын жазды. Егер сұраққа келіссе «+», егер келіспесе «-» белгісін қойды.

Мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеудің нәтижесі осындай болды:



75%-ең жоғары деңгей

50%-жоғары

30-40% дан жоғары -орташа

0-20%дан жоғары –төменгі

Қорытынды: ұсынылған көрсеткіштер бойынша 1 оқушы мазасыздықтың жоғары деңгейінде,ал 3-оқушы орташа және төменгі деңгейде.

Үй- ағаш- адам» проективті тест 5-9 сыныптардан алынды.

Мақсаты: тұлғаның эмоциялары мотивациялық сипаттары, кейбір аспектілері, жасырынып жатқан дүниесін ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысын 10 оқушы орындады.

Бір параққа үй, адам, ағаш бейнелерін салуды ұсынылды.

Талдау: Егер ағашты бірінші салса, ондай адамға ең негізгісі - өмірлік күш – жігер; ал егер бірінші болып үй салынса, онда бірінші орында – қауіпсіздік, табысқа жету немесе керісінше, бұл түсініктерді елемей.

Талдау нәтижесі мынадай болды:

6 оқушы ағаштың суретін бірінші салды. Бұл оқушылар үшін ең негізгісі - өмірлік күш – жігер;

4 оқушы бірінші үйдің суретін салды. Бұл оқушыларды қауіпсіздік бірінші орында екенін көрсетті. Табысқа жету немесе керісінше, бұл түсініктерді

елемеу.

«Менің сыныбым » әдістемесі 6-сыныптан алынды.

Мақсаты: оқушылардың, сыныптың ұйымшыл өзіндік пікірлері жоғары , көпшілікке қосыла алатындығын анықтау болды.

6- сынып оқушыларынан сыныптың және оқушылардың ұйымшылдығын және өзіндік пікірлері жоғары , көпшілікке қосыла алатындығын анықтау мақсатында «Менің сыныбым » әдістемесі алынды. Оқушылар нұсқаулық бойынша тапсырманы орындады:

Әдістеме қорытындысы:

4 оқушы өздерін мұғалімнен алыс белгілеген жоқ,олар өздерін тақтада тапсырма орындап тұрғанын көрсетті,яғни оқу позициясын орындап тұр. Ал бір оқушы ғана мұғалімнен алыс позицияда белгілеген -баланың сынып ұжымына бейімделуіне қиындықтардың бар екенін көрсетті.

Жалпы қорытынды: қараша айында осындай диагностикалық зерттеу жұмыстары уақытылы жүргізілді. Оқушылар әр зерттеу жұмысына белсенді қатысып, нұсқаулыққа сйкес барлық жұмыстарды орындады.

«Менің сыныбым » әдістемесі бастауыш сыныптардан 1-4-сыныптар бойынша алынды.

Мақсаты: оқушылардың, сыныптың ұйымшыл өзіндік пікірлері жоғары , көпшілікке қосыла алатындығын анықтау болды.

1-4- сынып оқушыларынан сыныптың және оқушылардың ұйымшылдығын және өзіндік пікірлері жоғары , көпшілікке қосыла алатындығын анықтау мақсатында «Менің сыныбым » әдістемесі алынды.Бұл диагностикаға 10 оқушы қатысты. Оқушылар нұсқаулық бойынша тапсырманы орындады:

Әдістеме қорытындысы:

5 оқушы өздерін мұғалімнен алыс белгілеген жоқ,олар өзге балалармен өзін теңестіру, жұп болып тұруы, ойыншылармен бірге – баланың бейімделуі жақсы деңгейде ,ал 4 оқушы өздерін мұғалімнен алыс белгілеген жоқ,олар өздерін тақтада тапсырма орындап тұрғанын көрсетті,яғни оқу позициясын орындап тұр.

1 оқушы мұғалімнен алыс позицияда белгілеген -баланың сынып ұжымына бейімделуіне қиындықтардың бар екенін көрсетті.

9-сыныптан «Оқушылардың мамандық таңдауға дайындығын анықтау»

тақырыбында сауалнама алынды

Мақсаты: 9-сынып оқушылардың мамандық таңдауға дайындығын анықтау

9- сынып оқушысы Кептілеу Зоядан «Мамандық таңдауға дайындығын анықтау» тақырыбында сауалнама алынды. 24 сұрақтан тұратын сауалнаманың сұрақтарына нұсқау бойынша «иә», «жоқ» деген жауаптармен жауап берді.

Сауалнаманың нәтижесі төмендегідей көрсеткіштер көрсетті:

№	Оқушының	Жалпы	«иә»	«жоқ»	Жал	Пай	Сауалнама
---	----------	-------	------	-------	-----	-----	-----------

№	аты- жөні	сұрақ			пы ұпай	ыз	а нәтижесі
1	Көптілеу зоя	24	10	5	15	62%	Орта дайындықты көрсетті

«Н.Г. Лусганова» әдістемесі. «Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама»

Мақсаты: Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау

6- сынып оқушыларынан «Н.Г. Лусганова» әдістемесі бойынша оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама алынды.

Оқу іс-әрекет мотивациясы оқуға бағытталғандықтан, сонымен қатар таным белсенділігімен және іс-әрекеттілігімен ерекшеленеді. 10 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Барлық оқушылар сауалнамаға белсенділік білдіріп, қатыса білді.

Нұсқау: 10 сұрақтың жауаптары 0-ден 3 балға дейін бағаланады (теріс жауап - 0 балл, бейтарап -1 балл, оң жауап - 3 балл).

№	Оқушының аты- жөні	Жалпы сұрақ	30-25 балл	20-24 балл	15-19 балл	10-14 балл	Сауалнама нәтижесі
1	Каркаова Айғаным	10	3	9	++		Ішкі мотивацияны көрсетті
2	Көптілеу Ұлтуған	10	2	++			Ортаңғы норманы көрсетті
3	Жылқыбаев Сансызбай	10	4	=+			Ортаңғы норманы көрсетті
4	Смайлханова Ұлжан	10		=+			Ортаңғы норманы көрсетті
5	Оразхан Талант	10		++			Ортаңғы норманы көрсетті
6	Тиштенов Ералы	10		++			Ортаңғы норманы көрсетті

II. Түзету дамыту жұмысы бойынша білім алушылармен топтық және жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылды.

«Тәуекел» тобына жататын оқушылар есепте жоқ.

Түзету дамыту жұмысы бойынша 1 сынып оқушыларымен мектепке бейімділікті анықтау жаттығулары өткізілді.

Биылғы 2023 - 2024 оқу жылында 1 сыныбында 2 оқушы бар. Екеуі де қыз бала. Жаттығулар атауы- «Кел, танысайық», «Жеміс-жидек», «Әткеншек жаттығу» ойындары. Балалар барынша белсенді болып, эмоционалды жағымды көңіл күй алды. Бұл ойындардың пайдасы оқушылардың ұжымға, топқа бейімделуіне сонымен қоса өзгелермен тез тіл табысуына көмек береді.

Қорытынды: «Мектеп күйзелісі» - бұл баланың мектепке баруымен байланысты психикалық күйінің бұзылуы сияқты жылау, мектепке барғым келмейді деген оқушылар тарапынан қылықтар болған емес. Балалардың ішінен мектепке бейімделу ауыр, қиын болған балалар әзірге болған жоқ.

1-4 сынып бастауыш сынып оқушыларына арналған түзету жұмыстары бойынша тренинг жаттығулар

1 және 4 сынып оқушылары арасында тренинг жаттығулар өткізілді. 1 сыныптың оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психо - педагогикалық қолдау көрсетіл

2-4 сынып оқушыларының өзінің мүмкіндіктеріне және жетістіктерге ұмтылуға деген дұрыс қатынас қалыптастыруға арналған қызықты жаттығулар ұйымдастырылды.

Басқалармен тату өмір сүрудің қажеттілігін және өзара түсіністіктің маңызды екендігін түсіндіру жұмысы жүргізілді.

«Өзіңді мақта!» жаттығуы. Жаттығу. «Орнымызды ауыстырамыз». Топтық ереже қабылдау. Ой қозғау». «Сөйлемді жалғастыр» жаттығуы. «Мен кімін? Мен қандаймын?» , «Мен үшін не маңызды?» жаттығулары ойнатылды.

Балалар барынша белсенді болып, эмоционалды жағымды көңіл күй алды. Бұл ойындардың пайдасы оқушылардың ұжымға, топқа бейімделуіне сонымен қоса өзгелермен тез тіл табысуына көмек береді.

«Өз-өзіне Сенімділікті арттыру» тренингі

Мақсаты: Оқушылардың өзін-өзі тануын, өзіне баға беру дағдыларын қалыптастыру. Топпен жұмыс жасау дағдысын бекіту.

5-8 сынып оқушыларына арналған өз-өзіне сенімділікті арттыру бойынша тренинг өткізілді. Тренинг оқушылардың өзін-өзі тануын, өзіне баға беру дағдыларын қалыптастыру. Топпен жұмыс жасау дағдысын бекітуге көмегін береді. Тренинг барысында оқушылар барынша белсенді болып, жаттығуларды қызығушылықпен орындады.

«Үрлеме шар» тренингі. «Мен басқаның көзімен» жаттығулары орындалды. Соңында оқушылар тренингті талқылап, қатысушылар өз еріктеріне орай алған әсерлерімен бөлісті.

«Өмір құндылықтары» тренингі.

Мақсаты: «Өмір» ұғымына терең үңілуге ықпал жасау. Болашағына жағымды көңіл-күйді тудыру. Өзінде бар құндылықты бағалай білуге баулу.

6-7 сынып оқушыларына арналған өмір құндылықтары тақырыбында тренинг өткізілді. Өмір» ұғымына терең үңілуге ықпал жасау. Болашағына жағымды көңіл-күйді тудыру.Өзінде бар құндылықты бағалай білуге баулу. Тренинг барысында оқушылар барынша белсенді болып,жаттығуларды қызығушылықпен орындады. « Өрмекші торы» жаттығуы, Топтық жұмыс,Болашақ өміріме саяхат» жаттығуы, Видео көрсету болды

III. Психологиялық алдын алу бағыты бойынша 7-8 класс білім алушыларымен кеңес беру жұмыстары жүргізілді. 1-сынып ата – аналарына балаларының мектепке бейімделу процесінің тиімді өтуіне байланысты кеңестер берілді. Ата аналардан сауалнама алынды.

Педагогтерге және ата аналарға жыл бойы кеңес беріліп отырды , кеңес беру журналына тіркелінді.

Педагогтерге «ойды қалай дамытамыз», «есте сақтаудың кейбір заңдылықтары», «бала сізден қорықпасын десеңіз», «балалар сізден жалықпасын десеңіз», «Джон Карнеги ережесі» тақырыптарында кеңес беріліп отырды.

Ата аналарға «Баланы қалай тәрбиелеу керек?», «суицидке кімдер бейім» , «депрессия», «Жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы қиындықтарға көңіл бөлу», «Баланың бастапқы ұстазы ата анасы» жіне қолайлы отбасылық атмосфера құру үшін психологиялық кеңестер беріліп отырды.

Кәсіптік бағыт бағдар беру бойынша жұмыстар:

8-9 сынып оқушыларына «Оқушылардың кәсіби ой-ниетін анықтау» тақырыбында мамандық түрлеріне шолу жасай отырып, әр мамандықтың қыр-сырларын талқылап, оқушыларға мамандық таңдауға бағыт –бағдар беру мақсатында пікіралмасу ұйымдастырылды. Оқушыларға бейнефильм көрсетіліп, сұрақ- жауап әдісі ұсынылды. Оқушылар болашақта мамандықты дұрыс тандай білу жайлы айтылып,мамандықтар туралы өз пікірлерін, ойларын айтып, пікіралмасу жұмысын жүргізді.

«Мен өскенде кім боламын?» тақырыбында 1-4 сынып арасында сурет көрмесі өткізілді. Оқушылар өздері өскенде қандай мамандық иесі болатынын сурет салу арқылы бейнелеп, өздері ұнаған мамандыққа қатысты өз ойларын ортаға салды. Барлық бастауыш сынып оқушылары бұл сурет көрмесіне қызығушылық танытып, белсенді қатыса білді.

«Мен ұстазымды мақтан етемін!» тақырыбында 6 -7 сынып оқушылары эссе жазды. Алдымен оқушыларға тақырып бойынша ақпарат берілді. Ең қиын және ең жақсы мамандық – мұғалім мамандығы. Себебі: Ол мамандық үлкен жауапкершілікті талап етеді. Болашақ ұрпақтың сауатты, өнерлі, жан-жақты білімді болуы ұстаздың мойнында екенін ұғынып, эссе жазуға кірісті. Эссе жазу барысында оқушылар тақырыпқа сай өз ойларын толық жеткізіп, жазып шықты.

9-сыныпқа «Мамандық - өмір таңдауы» тренингі өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері классификациялық белгілері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтапға деген ынта – ықыласын арттыру.

Тренинг барысында түрлі ойындар ойнатылды, оқушылардың қызығушылықтары туралы әңгімелесулер болды. Болашақта ескіретін мамандықтар мен қазіргі заманның сұранысқа ие, табысты мамандықтары туралы ақпараттар берілді

Дөңгелек үстел 8-9 сынып «Менің болашақ мамандығым»

Мақсаты: оқушыларға мамандық таңдау, олардың әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта-ықыласын, қызығушылықтарын арттыру.

Нәтиже

«Менің болашақ мамандығым» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларына дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел психологиялық тренингтен басталды. Оқушыларға «Сәлемдесу» ойыны ұсынылды. Тақырып бойынша ақпарат берілді. Анкеталық сұрақтардың көмегімен дөңгелек үстелге қорытынды жасады. Барлық оқушылар бұл дөңгелек үстелге арналған тренингтер мен жаттығу ойындарға қызығушылық танытып, белсенді қатыса білді.

Суицидтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар:

“Өмір қандай тамаша!» тақырыбында суицидтың алдын алу мақсатында бастауыш сыныптарға суреттер байқауы өткізілді. Байқауға 11 оқушы қатысты. Оқушылар тақырыпқа сай суреттер салды. **Қорытынды:** Байқауға оқушылар белсенді қатысты. Барлық оқушылардың суреттері өте әдемі салынған және суреттер арқылы өмірге деген махабат пен сүйіспеншіліктерін көрсете білді. Байқау нәтижесінде Қ.Салтанат, Т.Сабина, А.Арунаның суреттері үздік деп танылды.

«Баспалдақ әдістемесі» 1-9- сыныптардан алынды.

Мақсаты: Оқушының өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау.

Бұл зерттеу жұмысына 24 оқушы қатысты. Берілген нұсқау бойынша зерттеу жұмысын орындады.

№	Сыныптар	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей
1	1-2 сынып (7 оқушы)	5 оқушы	2 оқушы	-
2	3-4 сынып (4 оқушы)	3 оқушы	1 оқушы	-
3	6-7 сынып (9 оқушы)	6 оқушы	3 оқушы	-
4	8-9 сынып (4 оқушы)	3 оқушы	1 оқушы	-
	Барлығы :24 оқушы			

Қорытынды: жоғары деңгейдегі оқушылар: ақылды,қайырымды,мықты әрі үлкендерді тындайтын етіп өздерін бағалады.

Ортаңғы деңгейді көрсеткен оқушы өзін жақсы да жаман да емес оқушылар қатарына енгізді.

«Кактус» әдістемесі бастауыш сыныптардан 1-4-сыныптар бойынша алынды.

Мақсаты: баланың эмоционалдық жағдайын анықтау, агрессияны анықтау.

«Кактус» әдістемесі үш жастан асқан балаларға арналған графикалық әдістеме. Диагностика аларда баланың алдына стандартты қағаз бен қара қарындаш берілді. Мүмкіндік болса, «люшердің» түстерін қолдануға болатыны айтылды.

Нұсқау: «Мына ақ қағаздың басына өзің қалағандай кактустың суретін сал.»

Сұрақтар қойылады. Нәтижесін өндегенде, көлеміне, орналасуына, санынына көңіл бөлу қажет.

Әдістеме қорытындысы:

Суретте оқушылардың келесідей қасиеттері байқалды:

<i>Оқушыны ң аты жөні</i>	<i>Агр есс ия</i>	<i>И мп ул ь си вт ік</i>	<i>Өзі не дег ен сен імс ізд ік, тә уел діл ік</i>	<i>Өзін жар ияла у, көрс ету жән е ашы қты қ</i>	<i>Жас ыры ну шыл ық, сақт ық</i>	<i>Опт и миз м</i>	<i>Экс тра верт ив тілі к</i>	<i>Инт ро верт ив тілі к</i>	<i>Үйді ң қорғ а ныс ына ұмт ылу</i>	<i>«Жа лғыз дық» сезін у</i>	<i>Үрей</i>
Атик Аруна 2сынып	-	-	-	-	-	+	-	-	+	-	-
Рахмет Іңкәр 2сынып	-	-	-	-	-	+	-	+	+	-	-
Рахмет Әмина 2 сынып	+	-	-	-	-	+	-	+	+	-	-
Қаршыға Салтанат 1 сынып	-	+	-	-	-	+	-	+	+	-	-
Қаршыға Мерей	-	+	-	-	-	-	-	+	+	-	-

1 сынып												
Кептилеу Аңсаған 4 сынып	-	-	-	-	-	+	-	-	+	-	-	
Қаршыға Айзере 4 сынып	-	+	-	-	-	+	-	-	+	-	-	
Қаршыға Айша 3 сынып	-	+	-	+	-	+	-	-	+	-	-	

Суицидтың алдын алу мақсатында алынған Г.Н.Казанцеваның «Өзін-өзі бағалау» сауалнамасы

Мақсаты: Оқушылардың өзін өзі бағалау деңгейін анықтау.

Г.Н. Казанцеваның «Өзін өзі бағалау» сауалнамасы 6-9 -сынып оқушыларынан алынды. Сауалнамаға 12 оқушы қатысып, белсенділік танытты. Барлық оқушы нұсқау бойынша «иә» немесе «+», «жоқ»- «-», «білмеймін»-«?» тез, ойланбай жауап беруге тырысты. Сауалнама тексті 20 сұрақтан тұрды. Сауалнаманың нәтижесі мынадай болды:

№	Оқушының аты жөні	Сынып	Жалпы сұрақ	Тақсадардың жауаптары «иә»	Жұпсадардың жауаптары «иә»	Тест нәтижесі
1	Каркауова Айғаным	6	20	6	2	Өзін- өзі бағалауы жоғары
2	Оразхан Талант	6	20	5	9	Өзін -өзі бағалауы төмен
3	Жылқыбаев Сансызбай	6	20	8	4	Өзін -өзі бағалауы жоғары
4	Телеухан Ұлтуған	6	20	4	7	Өзін -өзі бағалауы орта
5	Тиштенов Ералы	6	20	7	5	Өзін -өзі бағалауы орта
6	Атик Айым	7	20	6	1	Өзін -өзі бағалауы жоғары
7	Қаршыға Бағлан	7	20	5	0	Өзін -өзі бағалауы жоғары

8	Рахметова Камшат	7	20	6	1	Өзін -өзі бағалауы жоғары
9	Аскерлан Ерлан	8	20	4	0	Өзін -өзі бағалауы жоғары
10	Тиштенов Алихан	8	20	5	0	Өзін -өзі бағалауы жоғары
11	Рахмет Жанарыс	8	20	3	2	Өзін -өзі бағалауы орта
12	Көптілеу Зоя	9	20	4	0	Өзін -өзі бағалауы жоғары

Қорытынды: Өзін -өзі бағалауы жоғары -8 оқушы, өзін -өзі бағалауы орта- 3 оқушы,

ал өзін -өзі бағалауы төмен – 1 оқушы анықталды.

«Қорқыныш пен қобалжуды қалай жеңуге болады?» тақырыбындағы дөңгелек үстел

Мақсаты: Жағымсыз уайымды жеңу,и бойындағы қорқынышты төмендету техникасын меңгерту, эмоциялық қобалжуды басу.

«Қорқыныш пен қобалжуды қалай жеңуге болады?» тақырыбында дөңгелек үстел 6-9-сыныптар бойынша өткізілді. Жағымсыз уайымды жеңу,и бойындағы қорқынышты төмендету техникасын меңгерту, эмоциялық қобалжуды басу мақсатында оқушыларға бейнеролик көрсетілді. Бейнеролик бойынша сұрақтар қойылып, оқушылардан толық жауап алынды.

Қорытындылау мақсатында оқушыларға «Қорқыныштың суретін сал» жаттығуы ұсынылды.

«3.Королева» әдістемесі. Субъектінің бейімділігін анықтау.

Мақсаты: Оқушылардың суицидке бейімділігін анықтау.

8-9-сынып оқушыларынан «3.Королева» әдістемесі бойынша суицидтің алдын алу мақсатында « Оқушылардың суицидке бейімділігін анықтау» тесті алынды.

Қазіргі таңда мектеп психологының ең бір маңызды жұмысының бірі оқушының өмірге деген құштарлығын арттыру, суицидтің алдын алу мәселесі,осыған орай 8-9 сыныптар арасында 74 сұрақтан тұратын тест алынып, нәтижесінде оқушылар арасынан суицидке бейімді оқушы жоқ болып анықталды.

Зорлық- зомбылық пен буллингтің алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар:

6-9 сынып оқушыларынан зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында сауалнама алынды. Барлығы 13 оқушы,сауалнаманы өткендер 12. Бұл сауалнама жасырын түрде (анонимді),балалардың құқығын қорғаудағы

мәселелерді анықтап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу үшін жүргізілді.

Сауалнама 13 сұрақтан ұсынылды. Сауалнама жауаптарына сүйене келе оқушылардың зорлық зомбылық жайлы түсініктері бар екені белгілі болды. Сонымен қоса мектеп, үй жағдайында ондай мәселелер тек ұрысу сынды іс – әрекеттерімен шектеледі. Зорлық зомбылыққа тап болған оқушыларға көмек беретін арнайы бала құқығын қорғау органдары жайлы мәліметтермен таныс. Отбасыларында , мектепте қатты жазалау деген әрекеттер жоқ болып шықты. Зорлық-зомбылыққа тап болған оқушылар жоқ .Себебі сауалнама нәтижесінен белгілі болды.

«Кибербуллинг деген?» тақырыбында ақпараттық сағат өтті.

Оқушыларға кибербуллинг ұғымы, қалжың мен келемеждің айырмашылығы және оның салдары, қысым көрсету, достармен дұрыс қарым-қатынас орнату т.б маңызды мәселелер туралы әңгіме жүргізіліп, пайдалы кеңестер берілді. Буллинг және кибербуллинг, оның алдын алу мақсатында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында, «Миға шабуыл» сұрақ-жауап барысында «Буллинг дегеніміз не?», «Кибербуллинг терминін қалай түсінесіздер?» деген сұрақтарға жауап алу арқылы оқушылардың ойын білдік . Тақырып бойынша видеоролик (https://youtu.be/RCA_wFW-mSo) көрсетілді.

«Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат берілді, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екендігі туралы ақпаратпен танысты. . Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу мақсатында оқушылар тапсырмалар орындап шықты. «Бала құқығы» ағашына тиісті сөздерді жазып, өз пікірлерімен бөлісті. Ассоциация жасап, өз жұмыстарын қорғап шықты.

« Бақытты балалық шақ» тақырыбында 1-4 сыныптарға сурет байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар тақырыпқа сай суреттер салды, өз суреттерін әңгімелеп шықты. Сурет салу барысында , оқушылардан қоршаған әлемге деген махаббат және қуаныш , сезімталдық, мейірімділік, рақымдылық ,шығармашылық қабілеттері байқалды.

«Зорлық зомбылық және балалар» тақырыбында 6-9 сыныптарға дөңгелек үстел өтті. Оқушылар ақпаратпен танысып, слайд арқылы зорлық – зомбылықтың түрлерін көріп, сұрақтарға жауап бере білді. Видеороликті көріп, видеодан алған әсерлерімен бөлісіп, қорытынды жасады.

Буллингтің алдын алу бойынша «Маған қолынды бер» тақырыбында акция өткізілді.

Мақсаты: достармен дұрыс қарым-қатынас орнату т.б маңызды мәселелер туралы әңгіме жүргізу арқылы пайдалы кеңестер беру.

Буллингтің алу бойынша «Маған қолыңды бер» тақырыбында 6-9 сыныптарда акция өткізілді. Буллингтің алдын алу мақсатында акция жүргізілді. Оқушыларға буллинг туралы видеофильм көрсетіліп, пайдалы кеңестер берілді. Акция барысында, оқушылар шағын орталық балабақшаға барып, концерт ұйымдасырып көрсетті. Балабақшадағы балалар ұйымдастырылған концертке көңіл күйлері көтеріңкі болып, қуанышқа бөленді. Концерт соңында балабақша балаларына сынып оқушылары тәтті сыйлықтар сыйға тартты. Балабақша тәрбиешісі Атығаева Зура апай және балалар оқушыларға алғыстарын білдірді.

Қорытынды: оқушылар акцияға белсенді қатысты. Тақырыптың мақсатын әртүрлі пайдалы кеңестер арқылы, сұрақ -жауап және видеобейне арқылы ашып, жеткізе білді. Буллингті болдырмау үшін жақсылық жасауға маңызы зор екенін ұғынды.

«Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шыққа құқылы» эссе жазу
Мақсаты: Зорлық зомбылық пен буллингсіз өмір сүруге тәрбиелеу, бірі біріне қолдау көрсетуге, мейірімділікке және бірлікке тәрбиелеу.

Қаңтар айында 6-9 сыны оқушыларына «Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы» тақырыбында эссе жазды. Алдымен оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат берілді, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екендігі туралы ақпаратпен танысты. Эссеге оқушылар белсенді қатысып, тақырыпқа сай өз ойларын эссе түрінде жазды. **Қорытынды:** Оқушылар эссені жазып шықты. Эссе тақырыпқа сай жазылды. Өз ойларын еркін жазды. Зорлық -зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететін түсіндіру мақсатында өтті. Оқушылар жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстауға, ондай әрекеттерге бармауға, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуі туралы ойларын айтып, қорытындылады.

Бақыт үйі» тақырыбындағы сурет көрмесі.

Зорлық- зомбылық пен буллингтың алдын алу бойынша «Бақыт үйі » тақырыбында 3-4 сыныптарға сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар тақырыпқа сай суреттер салып, өз суреттерін әңгімелеп шықты. Сурет салу барысында, оқушылардан қоршаған әлемге деген махаббат және қуаныш, сезімталдық, мейірімділік, рақымдылық, шығармашылық қабілеттері және отбасына, достарына деген сүйіспеншіліктері байқалды.

Қорытынды: Көрмеге оқушылар белсенді қатысты. Барлық оқушылардың суреттері өте әдемі салынған және суреттер арқылы бір- біріне деген сүйіспеншілік пен мейірімділікті көрсете білді.

Ерте жүктілік бойынша жүргізілген жұмыстар:

«Қыз әдебі» тақырыбындағы баяндама ұйымдастырылды.

Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша «Қыз әдебі» тақырыбында 7-9 сыныптардың қыздарына баяндама оқылды. Баяндаманы 9-сынып оқушысы Кептилеу Зоя қыздарға оқып берді.

Баяндаманың мақсаты: әдет-ғұрып, салт дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана алдында қоғамның, елдің, ұлттың тыныс – тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді, жан-жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу болды. Баяндамадағы ақпаратпен танысты. Қыз ережесі бойынша кестені толтырып, өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты. "Тату алақан" жаттығуы ұйымдастырылды. **Қорытынды:** қыздар баяндаманы мұқият тыңдады. Қойылған сұрақтарға толық жауап бере білді. Ерте жүктілік туралы әңгіме жүргізу барысында, қыздар қыз ережесін басшылыққа алғаны дұрыс екенін ұғынды. Ерте жүктіліктің неге әкелетіні туралы ойларын айтып, қорытынды жасады.

«Ерте жүктілік деген не?» тақырыбындағы медбикемен кездесу өткізілді. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Ерте жүктілік деген не?» тақырыбында 7-9 сыныптардың қыздарына Медбике Қ.Г. Темирбаева кездесу өткізді. **Кездесу жұмысының мақсаты:**

1. Қыздарға адамгершілік тұрғысынан бойжеткен ережесін үйрету.
2. Өз бойларындағы сұлулықты, әсемдікті сезіну, адамдармен қарым-қатынас іскерліктерін дамыту.
3. Қыздардың өз бойында инабаттылық, ибалылық, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыруға, бірлікке тәрбиелеу.

Қыздармен әңгімелесу жиынымыз «Жылы алақан» психологиялық тренингтен басталды. Медбике жасөспірім қыздардың жеке гигиенасы туралы лекция оқып, видеороликтер көрсетілді. Қыздарға сұрақтар қойылып, қыздардың қойған сұрақтарына жауап берді.

Қыздарға ерте жүктіліктің салдары қандай болады; оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай; тағы басқада осындай үлкен сұрақтың төңірегінде әңгіме қозғалды. Олардың тарапынан сұрақтар мен пікірлер өте көп болды. Барлық сұрақтарға жауап алды.

Қорытынды: қыздар бұл кездесу отырысына белсенді қатысты. Видеобейнеден көргендері бойынша бір бірімен әңгіме жүргізіп, сұрақтарға толық жауап бере білді. Қыздардың сұрақтарына толық жауап берілді.

«Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» тақырыбындағы сынып сағаты. Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» тақырыбында 6-9 сыныптардың қыздарына тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс - қимыл, жүріс- тұрыс

дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан - жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани - адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. Жеке бас гигиенасын сақтауға, әдепсіздік пен азғындық жолға түспеуге тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты «Жылы жүрек» психологиялық тренингтен басталды. Қыздарға қыз тәрбиесі бойынша ақпарат берілді.

Қорытынды: болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, өнерлі етіп тәрбиелеу қазіргі отбасындағы үлкен міндет. Тәрбие отбасынан басталады. Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі оң жолға қойылуы керек. Келешекте ұлттық салт – дәстүрлермен тәрбиеленген қыздар ел қорғайтын ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына сенім артанынымызға қорытынды жасалды.

«Иманды қыз – аяулы ана» тақырыбындағы дөңгелек үстел.

7-9 сыныптардың қыздарына дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел «Жылы алақан» психологиялық тренингтен басталды. Қыздарға видеобейне көрсетілді. Кестеде жазылған сұрақтарға жауап берді. Қыздар ақ параққа " Иманды қыз" тапсырмаға ассоциация жасап, ортаға шығып, ойларын ортаға сала білді.

Қорытынды: қыздар бұл әгімелесу отырысына белсенді қатысты. Видеобейнеден көргендері бойынша бір бірімен әңгіме жүргізіп, сұрақтарға толық жауап бере білді. Қыздардың сұрақтарына толық жауап берілді.

«Болашаққа қамқорлық» тренингі өтті.

Мақсаты : Отбасында қыз баланың жеке тұлға болып қалыптасуы үшін ұлттық тәрбиенің әдіс-тәсілдерін жетілдіру, жас жеткіншектің арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу.

Тренинг 6-9 сынып қыздарына ұйымдастырылды. Тренинг «Мен кімін» жаттығуынан басталып, «Сөйлемді аяқта» қызықты ойынымен жалғасын алды. Қыздарға бейнеролик көрсетіліп, талқылау жұмысы жүргізілді. Барлық қыздар белсенді қатысты. Тренинг «**Әріптер сөйлейді**» жаттығуымен аяқталды. Қатысушылар таратылған әріптер бойынша қыз балаға тән қасиеттерді айтып, қорытынды жасалды.

Оқу-материалдық активтер

Кітапхана

Кітапхананың материалдық техникалық базасы:

Жалпы алаңы: **10,0 ш.м.** Оқу залы: **жоқ**

Оқушылар саны : **25** Оқырмандар саны : **60**

Оқу залындағы орындықтар саны :

Негізгі кітап қорына арналған жеке кітап қоймасы: **0 ш.м.**

Оқулықтар қорына арналған кітап қоймасы: **6 ш.м.**

Кітапхана компьютермен -0 , принтер(мәтіналғы) –0.

Интернет желісі –0.

Білім алушылар контингентіне шаққандағы мектептегі оқу әдебиеті қоры талаптарға сәйкес келеді.

Асхана

Асхана типтік жалпы ауданы 46,5 ш.м. жалпы орын саны –20. Ыстық тамақпен қамту 100% құрайды.

Медициналық кабинет

Медициналық кабинет жоқ.

Спорт залы

Мектепте жалпы ауданы 1680 ш.м. 1 спорт залы бар.

Мектеп ғимаратын жөндеу жұмыстары жыл сайын жүйелі түрде жүргізілуде.

Күн сайын ылғалды тазалау және залды желдету жүргізіледі.

Спорт залында және спорт алаңында еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелеріне, сондай-ақ шұғылданушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін оқу орындары ұйымдастырылған.

Мектепте сабақ өткізу үшін үстел теннисіне арналған үстелдер, доптар(волейбол, баскетбол, футбол), баскетбол сақинасы, теннис, коньки, шаңғы, дойбы және шахмат бар.

Мектептің әкімшілік-педагогикалық қызметкерлері жалпы білім беретін мектеп оқушыларымен дене шынықтыру бойынша оқу жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік және санитария ережелерімен танысты;

Дене шынықтыру сабақтарын өткізуге рұқсат етіледі.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана

№	Көрсеткіш	2021- 2022	2022- 2023	2023- 2024
1	Мектеп сайты:	1	1	1
2	Мектеп мұғалімдерінің интербелсенді сабақтар өткізуі	75%	78%	80%
3	Интербелсенді іс-шараларға тарту	75%	78%	80%
4	Компьютер саны 1 оқушыға шаққанда	2	2	2
5	Компьютер саны	11	11	11
	Жұмыс істейтін	9	9	9
	Интернетке қосылған саны	9	9	9

Кітапхананың кадрлық мәліметі:

Кітапханашы : Смайлханова Б.К.

Енбек өтілі: 33 жыл, мамандығы бойынша: 33 жыл

Біліктілік курсы : 1. ЦПКО «Өрлеу» 2015 ж. , 2. ЦПКО «Өрлеу» 2018 ж.

2023-2024 оқу жылы Кітапхананың кітап қоры туралы мәлімет:

Оқу әдебиеттері қоры бөлек орналасқан. Оқулықтарды орналастыру сыныптар бойынша жүргізілді. Жаңа оқулықтардың түсуіне қарай оларды бірден өңдеу және орындарына орналастыру жүргізіледі.

Көркем әдебиет қоры оқырмандарға ашық қолжетімді. Кітапхана ғылыми-көпшілік, анықтамалық, салалық, көркем, балалар әдебиетімен, электронды оқулықтармен жабдықталған.

Құжаттарға жазу уақтылы және ұқыпты жүргізіледі.

Кітапхананың негізгі қоры, барлығы: 2957 дана

Оның ішінде көркем әдебиеті: 347 дана .

Оның ішінде: қазақ тілінде : 2438 дана; - 82% орыс тілінде: 172 дана; - 18%

Дәстүрлі емес тасығыштардағы электронды құжаттар: 13 дана

Кітапхана қорының орналастыру: тақырыптық, аралас.

Кітапхананың оқулықтар қоры: 1927 дана

Оның ішінде мұғалімдерге арналған оқыту әдістемелері: 72

Оқулықтар қорын жеке қоймада орналастыру : - сыныптар бойынша.

Екі жылда(2021-2023) түскен жаңа әдебиеттер барлығы: 354 дана.

Ағымдағы жылға жаздырып алатын мерзімді басылымдар саны:

Газеттер: 5 атау: «Білімді ел», «Егемен Қазақстан », «Сарыарқа самалы»,

«Ұлан», «Дружные ребята»

Журналдар: 3 атау«Ұстаздарының әлемі»,«Балдырған»,«Балалар әлемі»

Нормативтік құжаттамалары:

Кітапханада келесі нормативтік құжаттар бар:

- Кітапхана туралы ереже

- Кітапхананы пайдалану ережесі

- Кітапхана қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары

- Мектеп кітапханасының жылдық жұмыс жоспары

- Мектеп кітапханасының жұмысы туралы жылдық есеп

- Кітапхананың нормативтік-регламенттеуші құжаттары бар Папка (Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мен өкімдері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының әдістемелік ұсынымдары (ҚР БҒМ РҒПБ).

Есептік құжаттаманың болуы:

Кітапханада келесі есеп беру құжаттары бар:

- Негізгі кітапхана қорының жиынтық есебі кітабы

- Түгендеу кітаптары

- Негізгі кітапхана қорының қозғалыс актілерінің папкалары (есептен шығару)

- Кітапхана жұмысының күнделігі

- Библиографиялық анықтамаларды есепке алу журналы

- Оқулықтарды есепке алу журналдары

- Оқулықтарды жеткізу бойынша шот-фактуралардың көшірмелері бар папка

- Сыныптар бойынша оқулықтар беру журналы.

Оқырмандармен жұмыс:

Кітапханалық қызмет көрсету «Кітапхана туралы ережеге» және кітапхана жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Абонемент және кітапхананың оқу залы СанПИН талаптарына жауап береді, эстетикалық безендірілген, қажетті стеллаждармен қамтамасыз етілген. Кітапхананың жұмыс кестесі, кітаптарды пайдалану ережелері ілінген.

Оқырмандарды қайта тіркеу, сабаққа қатысу және кітап беру күнделік жазбаларына сәйкес келеді. Формулярлар уақтылы толтырылады. Оқырмандар кітапхана қорынан __7-14_ күн мерзімге баспа басылымдарын уақытша пайдалануға алады, кітапханашыдан алынған анықтамалық ақпаратты пайдаланады. Барлық оқушылар мен оқытушылар "кітапхананы пайдалану ережелерін" сақтайды, бұл олардың тәуелсіз кітапхана пайдаланушыларының дағдыларын қалыптастырады. Кітапхана оқытушыларға, сынып жетекшілеріне іс-шараларды, сынып сағаттарын өткізуге көмек көрсетеді. Әдебиеттер, Өлеңдер іріктеліп, кітап көрмелері рәсімделеді.

Жеке қызмет көрсетудің негізгі нысандары:

- кітапханаға жазылу кезіндегі әңгіме;
- оқылған туралы әңгіме;
- кітап таңдау кезіндегі ұсынымдық әңгімелер;
- оқырман формулярларын талдау.

Оқырман формулярларын талдау бойынша оқырмандар арасында көркем әдебиет пен балалар әдебиеті ең көп сұранысқа ие деп айтуға болады. Бірақ кітап беру саны азайып келеді-бұл кітапханадағы әдебиет оқырмандардың сұранысына сәйкес келмейтіндігімен, қазіргі балалар жазушыларының қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптары аз болуымен түсіндіріледі. Балалар жарқын суреттері бар жаңа, қызықты кітаптарды оқығысы келеді.

Оқытушыларға берілген материалдардың төмен көрсеткіші әдістемелік әдебиеттердің жеткіліксіз мөлшерде болуымен, оқу кабинеттерде Интернетке қосылған компьютерлер бар екендігімен түсіндіріледі.

Оқуға тарту мақсатында кітапханада мерейтойлық және айтулы күндерге, сондай-ақ уақытша және тұрақты жұмыс істейтін әр түрлі айлықтарға түрлі көрмелер ұйымдастырылады.

Кітапхана мектеп жоспары бойынша жаңа ақпараттық көздерімен, жаңа технология тәсілдерімен жұмыс істейді. Мұғалімдер мен оқушылардың жанаша ізденісі нәтижесінде жаңа ақпараттық тәсілдермен жұмыстар іске асырылады. Жұмыс істеу бірнеше бөлімдерге байланысты атқарылады. Мобильді кітапхана бұрышы ұйымдастырылған.

Қордағы жалпы кітап қоры

2021-2022 оқу жылы кітапхана қоры – 2761 дана

2022-2023 оқу жылы кітапхана қоры – 2899 дана

2023-2024 оқу жылы кітапхана қоры – 2957 дана

Жалпы кітапхананың кітап қоры

№	Қордың құрылымы	2021	-	2022	-	2023 – 2024
		2022		2023		

1	Оқулықтар	2307	2383	2300
2	Негізгі қор	2761	2899	2957
3	Оның ішінде көркем әдебиет	389	447	585
4	Оның ішінде әдістемелік	65	69	72
5	Электронды оқулықтар	10	10	13
6	Мерзімді басылым	5	5	8

Оқушыларды оқулықпен қамту көрсеткіші

Сынып	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
	Оқушы саны	Оқулықпен қамтылуы%	Оқушы саны	Оқулықпен қамтылуы%	Оқушы саны	Оқулықпен қамтылуы%
1	4	100	5	100	2	100
2	1	100	3	100	5	100
3	1	100	3	100	2	100
4	5	100	2	100	2	100
5	8	100	1	100	-	100
6	4	100	5	100	6	100
7	6	100	5	100	3	100
8	12	100	4	100	4	100
9	7	100	6	100	1	100
Барлығы		100 %		100 %		100%

Жалпы кітапхана туралы мәлімет

№		2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1	Жалпы көлемі	10,0 кв.м	10,0 кв.м	10,0 кв.м
2	Оқу залы	1	1	1
3	Жарықпен қамтамасыз етілуі	+	+	+
4	Оқырман саны	60	60	60
5	Әдебиеттердің берілуі жайы	1680	1696	1768
6	Кітапханаға келушілер саны	2525	2250	2125
7	Оқулықпен қамтамасыз етілуі	100%	100%	100%

Кітапханаға келушілер саны

Жалпы мектеп кітапханасының оқырмандары бірнеше топқа бөлінген. Оқырмандар төмендегі негізгі топтарға бөлініп тиісті қызмет көрсетілуде:

Ұстаздар:

Бастауыш буын (1-4 сыныптар)

Орта буын (5-7 сыныптар)

Жоғарғы буын (8-9 сыныптар)

Басқа топ, қызметкерлер.

Қордағы әдістемелік құралдар жыл сайын толықтырылуда.

-2021-2022 оқу жылында 1 сыныптарына әдістемелер алынды. -2022-2023 оқу жылында 2 сыныптарына барлық пәндерінен әдістемелік нұсқаулықтар алынды.

-2023-2024 оқу жылында 2 қазақ сыныпқа орыс тілі пәнінен оқулықтар жаңартылды. Цифрлық сауаттылық 1,2 сыныпқа – электронды оқулығы берілді.

Кітапхана қорындағы электрондық оқулықтар мен электронды нұсқадағы әдістемеліктер

№	Атауы	Сынып	Жылы	Саны
1	Дүниетану. Оқыту әдістемесі	1 қаз сынып	2021	1
2	Русский язык. Методическое руководство	1 қаз сынып	2021	1
3	Математика. Әдістемелік нұсқау	1 қаз сынып	2021	1
4	Қазақ тілі. Әдістемелік нұсқау	1 қаз сынып	2021	1
5	Жаратылыстану. Әдістемелік нұсқау	1 қаз сынып	2021	1
6	English Language 7 Teacher' Multimedia Resource Pack Ағылшын Мульти медиа Электрондық оқулық	1 сынып	2021	1
7	Дүниетану. Оқыту әдістемесі	1 қаз сынып	2021	1
8	Русский язык. Методическое руководство	1 қаз сынып	2021	1
9	Математика. Әдістемелік нұсқау	1 қаз сынып	2021	1
10	Қазақ тілі. Әдістемелік нұсқау	1 қаз сынып	2021	1
11	Жаратылыстану. Әдістемелік нұсқау	1 қаз сынып	2021	1
12	English Language 7 Teacher' Multimedia Resource Pack Ағылшын Мульти медиа Электрондық оқулық	1 сынып	2021	1
13	English Language. Multi-Rom Pupli's CD	1 сынып	2021	1

40	English Language. Interactive WhiteBoard Software постерлер	1 сынып	2021	1
41	Цифрлық сауаттылық. Әдістемелік нұсқау	3 қаз сынып	2021	1
42	Әдебиеттік оқу. Оқыту әдістемесі 1,2 бөлім	2 қаз сынып	2022	1
43	Дүниетану. Оқыту әдістемесі	2 қаз сынып	2022	1
44	Математика. Оқыту әдістемесі 1,2 бөлім	2 қаз сынып	2022	2
45	Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі	2 қаз сынып	2022	2
46	Жаратылыстану. Әдістемелік нұсқау	2 қаз сынып	2022	2
47	Көркем еңбек. Әдістемелік нұсқау	2 қаз сынып	2022	1
48	Цифрлық сауаттылық. Әдістемелік нұсқау	2 қаз сынып	2022	1
49	Музыка Оқыту әдістемесі	2 қаз сынып	2022	1
50	Цифрлық сауаттылық 2 сынып Электронды оқулық Алматыкітап	2 қаз сынып	2023	6
51	Цифрлық сауаттылық 2 сынып Электронды оқулық Алматыкітап	1 қаз сынып	2023	3
52	Еңбекке бауылу әдістемелік нұсқау	2 қаз сынып	2023	1
53	Еңбекке бауылу әдістемелік нұсқау	1 қаз сынып	2023	1

2020-2025 оқу жылыдарына арналған «Оқуға құштар мектеп» жобасы. Жүйелі түрде мектепшілік жылда өткізілетін іс-шаралар мен байқаулар.

Бұл жобаның мақсаты: түрлі іс-шаралар арқылы оқушылардың кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру. Оқушыларға қазақ әдебиетінің, әлем классикасының алтын қорындағы аса құнды шығармаларды оқыту арқылы үш тілде білім беруді қолдауға, өз халқының тарихы мен мәдениетін оқып білуге және басқа елдер мәдениетіне толеранттылық танытуға бағытталған.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жоспарымен паспорты жасалынған, сол жоспар бойынша бір қатар жұмыстар бастау алып жатыр. «Жалпы мектеп жасындағы балалардың кітап оқуға құмарлығын ояту үшін мектебімізде көптеген жұмыс атқарылуда, көптеген жаңалықтар енгізіліп жатыр. Оның ішінде «Оқуға құштар бол» - бұл жобаға сәйкес, оқушылар қазақ, орыс және ағышлын тіліндегі кітаптарды түп нұсқасынан оқи алады».

Сонымен қатар «Book crossing букроссинг» әлеуметтік акциясын атап өтуде. - «Біз бұл акция кезінде бір айға жуық уақыт бойына кітаптарды жинаймыз. 5-10 шамасында кітап жиналады. Кейін оны оқушыларға таратамыз. Осылайша, біз кітап алмасамыз.». Сондай-ақ, 2 сәуір Халықаралық балалар кітабы күні қарсаңында біз тосын сый жасаймыз. Біздің мектеп оқушылары оқырман күнделігін толтырады – сол күнделік бойынша біз ең көлемді шығарма және жыл бойына ең көп кітап оқыған оқырмандарға өзіміз сатып алған кітап сыйлаймыз». «Оқуға құштар мектеп» жобасының жұмыс жоспары бойынша: «Қазақ көркем әдебиетінің маржандары» оқушыларды мемлекеттік әдебиетке деген белсенділіктерін арттыру мақсатында оқушылар арасында әр түрлі онлайн байқаулар өткізілді. Атап айтсақ, қашықтықтан қыркүйек айында 1-2 сыныптар арасында «Кітап бірге оқимыз» мәнгерлеп оқу сайысы өткізілді. «Облысты тап» республикалық күніне арналған 5-7 сынып оқушыларымен жапсырма ойын өткізілді. «QR» кодталған кітаптармен бастауыш сынып оқушылары мен жұмыс жүргізілді. «Кітапханаға саяхат» таныстыру сабағы өткізілді. Бұл сабақтар қашықтықтан оқытуға да бейімделген, яғни электронды нұсқасы жасалынған.

2021-2022 оқу жылы кітап көрмелері және өткізілген іс-шаралар

Мектеп кітапханасының мақсаттары : Оқу –тәрбие процесінде оқушылардың кітап оқу пайдасы ақпараттарға қол жеткізу, шығармашылық әлеуетін дамыту үшін қосымша білім беру , оқырмандардың оқу мәдениетін құру.

Мектеп кітапханасының статистикасы: Мектеп кітапханасында 2021-2022 оқу жылында - 54 оқырман тіркелген. Мектеп кітапханасының жалпы қоры 2761 дана кітап. Оның ішінде 389 – көркем әдебиет, 2307- оқулықтар, 65 - әдістемелік нұсқалармен 4 - мерзімдегі басылымдар

2021-2022 оқу жылында жаңа бағдарлама бойынша 1 сынып оқушыларына «Әліппе» «Ана тілі» «Менің алғашқы сөздігім» «Цифрлық сауаттылық» 100 пайыз оқулықтармен қамтамасыз етілді. Мұғалімдер әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етілді.

Мектеп кітапханасының жұмысы: мектеп кітапхананың модернизациясы бойынша, жаңа сөрелермен, жаңа компьютер және принтер мен жабдықталған. Интернет Wi-Fi қосылып, оның жылдамдығы 32 Мб. Кітапхана қоры көркем әдебиет саны 83 кітапқа қосымша 54 балалар ертегілермен (брошюра) толықтырылды.

-Мерзімді басылымдарға мектеп ұжымымен оқушылар жазылды, ұстаздар өз мақалаларын жариялап тұрады. «Білімді Ел», «Қазақстан кәсіподағы» газеттері, және «Мұқағали», «Мөлдір бұлақ», «Балдырған» журналдар жинағы жасалынған.

-Оқушылардың оқулықтарды пайдалануын тексеру. Әр тоқсан сайын «Кітапты аялайық», «Кітапты қолдану ережесі», әңгімелер өткізіледі .

-Жоспар бойынша атаулы даталарға байланысты іс-шара жүргізілді, тақырыптық көрмелер жасалып тұрады.

-Қазақстан Республикасының Президентіміздің жыл сайынғы халқына жолдауымен оқып танысуға мүмкіншілік беретін бұрыш ұйымдастырылды.

-«**Қызықты кітаптар көрмесі**» «**Үзілісті кітаппен**» атты бұрышта бастауыш сынып оқушылары қызығып оқитын қызықты әңгімелер жинағы қойылған.

--«**Қазақ төл тұындылары**» букроссинг акциясы өтті, оқушылар жеке кітап сөрені арнап, өздері оқыған шығармаға презентация құрастырып, шолу жасады.

«**Наурыз**» мерекесіне орай «**Халқы мықтының – салты мықты!**», Қазақстан мәдениетіне жеке кітаптар , «**Ұлттық мәдениет**» аңықтамалары, энциклопедиялар, салт- дәстүрге арналған кітаптар қойылып, көрмесі ұйымдастырылды.. «**8 -Наурыз**» - аналар мерекесіне орай «**Менің анам алтын**» - атты өлең-өнер байқауы өтті, кітаптар көрмесі жасалды. "**Әке көрген - оқ жоңар, шеше көрген - тоң пішер**" атты балабақша балаларының арасында мәнерлеп оқу сайысы, ата-ана байқауы, челлендж жасалды.

Қазақстан табиғатына жеке кітаптар , энциклопедиялар , атаулы кітаптар қойылып, «**Табиғат біздің байлығымыз**» көрмесі ұйымдастырылды.. «**Тіл мерекесі**» - бұл мерекеге орай «**Менің тілім - бай тіл**» -атты кітаптар көрмесі жасалды, әңгімелесу өтті. Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай бастауыш сыныптарға арнап көрме жасалынған. Қазақтың аса көрнекті ағартушы педагогі, жазушы, этнограф, қоғам қайраткері **Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл** толуына орай 1-5 сыныптар арасында "**Даланың Дара Ұстазы**" атты өлең сайысы - Ыбырай өлеңін мәнерлеп оқудан сайыс өткізілді. "Оқуға құштар балабақша" балабақша балаларының арасында мәнерлеп оқу сайысы, челлендж. «**Жыр алыбы Жамбыл**» - «Балаларға» атты кітабына шолу. «**Тәуелсіздік тұғырым. Сен тұған Қазақстаныңды білесін бе?**» - танымдық ойын сабағы өтті. Жаңа кітаптармен таныстыру – «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, білім бөлімінен мектепке сыйлыққа берілген кітаптар презентациясы өтті. «**Менің сүйіп оқыған кітабым**» - 1-11 сынып арасында эссе , презентация , байқауы ұйымдастырылды. «**Менің сүйікті ертегім**» - бастауыш сыныптар арасында сурет байқауы өткізілді. «**Бейбіт күн жасасын әлемде**» - 8 сынып оқушылары қатысуымен танымдық ойын сабағы өтті, «**Бейбіт күннің батрылары**», «**Ер есімі – ел есінде**», «**Тілегіміз – бейбіт күн!**» атты стендтер жасалды. Жаңа кітаптармен таныстыру – «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, аудандық кітапхана мектепке сыйлыққа берген кітаптар презентациясы өтті. «**Менің сүйіп оқыған кітабым**» - 5-11 сынып арасында эссе , презентация, байқауы ұйымдастырылып жыл соңына дейін жалғасты. Мектептің «**Үздік оқырман**», «**Үздік оқырман сынып**» - жыл бойына өткізілген байқаудың қорытындысы жасалды. Жеңімпаздар мақтау қағаз, мадақтама мен марапатталды. Іс-шаралар бойынша видео-ролик жасалып мектеп сайтына, инстаграм желісіне жүктелді. Маусым және тамыз айларында «сен тұған Қазақстаныңды білесін бе?» Республикалық балалар

оқулары байқауына дайындық жұмыстары «Шұғыла кітап» - баспасының көркем әдебиеті.

2022-2023 оқу жылы кітап көрмелері және іс-шаралар

Мектеп кітапханасының статистикасы:

Мектеп кітапханасында 2022-2023 оқу жылында - 34 оқырман тіркелген. Кітапхананың негізгі қоры, барлығы: 2899 дана

Оның ішінде көркем әдебиеті: 442 дана . Дәстүрлі емес тасығыштардағы электронды құжаттар: 10 дана

Кітапхана қорының орналастыру: **тақырыптық, аралас.**

Кітапхананың оқулықтар қоры: **2383 дана**

Оның ішінде мұғалімдерге арналған оқыту әдістемелері: **65**

Оқулықтар қорын жеке қоймада орналастыру : **-сыныптар бойынша.**

Екі жылда(2021-2023) түскен жаңа әдебиеттер барлығы **354 дана** .

Ағымдағы жылға жаздырып алатын мерзімді басылымдар саны

Газеттер: 2 атау: «Білімді ел», «Қазақстан кәсіподағы».

